

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ АЛЬ-ФАРАБИ  
AL-FARABI KAZAKH NATIONAL UNIVERSITY

ЖУРНАЛИСТИКА ФАКУЛЬТЕТІ  
ФАКУЛЬТЕТ ЖУРНАЛИСТИКИ  
FACULTY OF JOURNALISM



**1150 жыл**

Әл-Фарабидің мерейтойы



## «ФАРАБИ ӘЛЕМІ»

атты студенттер мен жас ғалымдардың  
халықаралық ғылыми конференция

### МАТЕРИАЛДАРЫ

*Алматы, Қазақстан, 6-9 сәуір 2020 жыл*

## МАТЕРИАЛЫ

международной научной конференции  
студентов и молодых ученых

### «ФАРАБИ ӘЛЕМІ»

*Алматы, Казахстан, 6-9 апреля 2020 года*

## MATERIALS

International Scientific Conference  
of Students and Young Scientists

### «FARABI ALEMI»

*Almaty, Kazakhstan, April 6-9, 2020*



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН  
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE OF REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ АЛЬ-ФАРАБИ  
AL-FARABI KAZAKH NATIONAL UNIVERSITY

ЖУРНАЛИСТИКА ФАКУЛЬТЕТІ  
ФАКУЛЬТЕТ ЖУРНАЛИСТИКИ  
FACULTY OF JOURNALISM

## «ФАРАБИ ӘЛЕМІ»

атты студенттер мен жас ғалымдардың  
халықаралық ғылыми конференция  
МАТЕРИАЛДАРЫ

*Алматы, Қазақстан, 6-9 сәуір 2020 жыл*

## МАТЕРИАЛЫ

международной научной конференции  
студентов и молодых ученых

## «ФАРАБИ ӘЛЕМІ»

*Алматы, Казахстан, 6-9 апреля 2020 года*

## MATERIALS

International Scientific Conference  
of Students and Young Scientists

## «FARABI ALEMI»

*Almaty, Kazakhstan, April 6-9, 2020*

**Редакционная коллегия:**

к.ф.н., доцент Медеубек С., ассоц. профессор Мысаева К.Н., д.ф.н., профессор Рамазан А.А., д.ф.н., профессор Шынгысова Н.Т., д.п.н., профессор Султанбаева Г.С., к.ф.н., PhD Акынбекова А., к.ф.н. Губашева Д.Т., ст. преп. Батырханова Ж.

**Материалы** международной научной конференции студентов и молодых ученых «Фараби Әлемі». Алматы, Казахстан, 6-9 апреля 2020 г. – Алматы: Қазақ университеті, 2020. – 127 стр.  
**ISBN 978-601-04-4486-7**

## **1-СЕКЦИЯ**

### **БАСПАСӨЗ ЖӘНЕ ЭЛЕКТРОНДЫ БАҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

## АҚПАРАТТЫҢ ЕРКІН АҒЫМЫ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК

**Әшірбаев Б.Т.**

*Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ  
журналистика факультетінің PhD докторанты  
Ғылыми жетекшісі: Медеубек С., ф.ғ.к., доцент*

Сөз бостандығының әлеуметтік жауапкершілігін сезіну маңызды. Қоғамдағы ақпараттың еркін ағымы оған сүзгі қажет емес деген ұғымды білдірмейді. «Тәуелсіз Қазақстанның идеологиясы қандай болуы керек, жалпы, бір идеологияны ұстану демократия принциптеріне қайшы емес пе?» деген сұрақ бүгінгі зиялы қауым өкілдерін мазалауда. Егер біздің бір мемлекетке бірігіп, бір конституцияға бағынып, ортақ тіліміз, белгіленген шекарамыз бары рас болса, онда осы елдің азаматтарның ортақ арман-аңсары, идеалы да болуы керек.

Жаһандану. Қазіргі заманның Шыңғысханы мен Наполионының аты осылай аталады. Ақпараттық технологиялардың жетілуі мен трансконтиненталды компаниялардың өмірге келуі бұл үрдістің әлдеқашан басталып кеткенінен хабар береді. Мінер көліктің, ұялы телефонның, опа-далаптың сан түрін шығаратын әлемдік магнаттар зеңбірек бұза алмас қамалды тауар арқылы күл-талқан етуге боларын жақсы біледі. Сондықтан да олар ұлттық және шекаралық белгілерге шекесімен қарайтын «азаматтық ашық қоғам құру» идеясын қолдайды. Әрине, бұл сценарий бойынша ойнау мұртын балта шаппас мықты елдер үшін қатерсіз. Ал, мемлекеттігін енді ғана қалыптастырып, шикізатты өндіруші деңгейде ғана тұрған Қазақстан жағдайында барлық құндылықтарын жалаңаштап тастау қауіпті.

Бүгінгі таңның ең ұлы мұраты – Тәуелсіздік идеясын қалыптастыру. Өкініштісі сол, оған жету жолында, бір жағынан, ұлт тағдырына түкіре қарайтын мысықтілеу пенделердің әрекеті қол байлау болып отырса, екінші жағынан, саяси білігіміздің аздық етіп отырғаны жасырын емес. Бұл жөнінде қоғам қайраткері Хасен Қожа-Ахметтің: «Соңғы кездері елдімекендерге, көшелерге халқымыз батырларының атын беріп, олардың тойларын, асын өткізіп жатырмыз. Байқап отырсақ, осы батырлар Жоңғар немесе Қоқан, Хиуа хандығымен соғысқан адамдар екен. Ал, қазақ халқының басына түскен ең ұзақ, ең ауыр зұлмат Ресей отарлаушыларына қарсы күрескен Сырым, Исатай, Махамбет, тағы да басқа батырларымыздың есімі елордамыздағы бірде-бір көшеге берілмей келеді. «Ау, біз Жоңғар немесе Қоқан отаршылдығынан емес, үш жүз жылдық Ресей отаршылдығынан тәуелсіз болып отыр емеспіз бе?!» дейтін бір жан жоқ. Жалпы, мен Қазақстанның тәуелсіздігі қандай деңгейде екендігін Ресей отаршылдарына қарсы күрескен батырларымыз есімінің қаншалықты дәрежеде насихатталуына қарай бағалаймын», – деп айтқан пікірі – әділетті пікір [1].

Бір кездері үлкен резонанс тудырған саясаттанушы Нұрболат Масановтың мына пікірі де қауіпті. Ол БҰҰ-ның құжаты бойынша жергелікті, автохонды деп сол территорияда 250 жыл бір кәсіппен, бір шаруамен айналысқан ұлт қана танылады, қазақтар қазір индустриалды елге айналды, бізде 150 мың шопанның отбасы бар, қалғандарымыз тұрғылықты, байырғы халық болып саналмаймыз деп еді. [2]

Қожа Ахмет Яссауи кесенесін Ақсақ Темір тұрғызды. Қарап отырсақ, оның басына мавзолей екі жарым ғасыр өткесін салыныпты. Атақты қолбасшыға бұл не үшін қажет болды? Шыңғысхан айтты деген бір өсиетте: «Жауды аттың үстінде жүріп жауласан да, оны басқару үшін атыңнан түсуің керек», – делінеді [3]. Бүгінгі тілмен айтқанда, «идеологиямен айналыс» деп отыр. Меніңше, Ақсақ Темір де осы ойға келіп, қол астындағы елге иман жаюға мақсаттанған. Түбі біздің ел де идеологияға шындап мән бере бастайды. «Өтпелі кезеңде өмір сүру қиын: бұрынғы шындықтың бәрі өтірік болып шықты, ал жаңа өтіріктер әлі шындыққа айналып үлгерген жоқ», – дейді екен қытайлықтар. Иә, біз қоғамдағы идеологиясыздықтың артында үлкен идеология жатарын түсіне бастадық. Тәуелсіз ел ретінде жиырма тоғыз жылды артқа тастаған өмір тәжірибеміз бейқамдықтың қауіпті екеніне көзімізді жеткізді. Ақпарат кеңістігін өзгеге билетіп коюдан артық қауіп болмасын сезініп үлгердік. Яғни түрлі батыстық кітап, кино, эстрада өнімдері арқылы кез келген елді қару қолданбай-ақ жаулап алуға боларын түсініп келеміз.

Баспасөз – әлеуметтік мінбер, ол қоғамдық пікір тудыру арқылы «төртінші билік» рөлін атқаратыны айқын. Қазіргі таңда ақпараттар тасқыны әлемді бір-біріне барынша жақындастырып барады. Мың аттық күші бар әлеумет көлігін адамаралық қатынастарды жақсартуда тиімді пайдаланып, оның елді біріктіруші миссиясына басымдық берген абзал. Қорыға айтқанда, ақпараттың еркін ағымы идеологиялық босансуға жол беріп, сөз бостандығының әлеуметтік жауапкершілігін әлсіретпеуі тиіс. Ол үшін, әрине, ең алдымен, құқықтық тұғырымыз берік болғанын ойлауымыз керек.

### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Хасен Қожа-Ахмет. Қазақ әні қалай космополиттенді?// Қазақ әдебиеті, 1998. 16-қаңтар.
2. Масанов Н. «Кочевая цивилизация казахов». – Мәскеу: Горизонт, 1995. –3-б.
3. Шыңғысхан афоризмдері. «DaStiham.ru» сайты: <https://dastiham.ru/>.

## ДАТА ЖУРНАЛИСТИКАДАҒЫ СТАТИСТИКА МЕН АҚПАРАТТЫҢ БЕРІЛУ ӘДІСІ

**Амангелді А.**

*Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ*

*журналистика факультетінің 1-курс магистранты*

*Ғылыми жетекшіі: Р.С. Жақсылықбаева, ф.ғ.к., доцент*

Дата журналистика – журналистиканың бір кіші тармағы. Атының өзі айтып тұрғандай деректермен дұрыс жұмыс істей алу. Шикі деректерді сүзгіден өткізіп, терең анализ жасау арқылы талдау. Мұндай талдаулар ауқымды деректермен жұмыс жасағанда өзекті. Мысалы, Big Data термині тура мағынасында «үлкен ақпарат» деген ұғымды білдіреді. Бірақ оның қаншалықты үлкен ақпарат екендігін анықтайтын нақты өлшем жоқ. Атауының өзі субъективті. Дегенмен, Big Data тек мәліметтер көлемін ғана білдірмейді. Оны ауқымды ақпараттармен жұмыс істеу тәсілдері деп түсіну қажет.

Ал енді мәліметтерді жөнге келтіргеннен кейінгі жұмыс қандай болмақ? Иә, оны оқырманға дұрыс беру, тарату, жеткізу. Дата журналистиканың ерекшелігі – визуализация. Яғни қазіргі заманға сай визуализациялау түрлері. Оған инфографика, диаграмма, статистикалық графикаларды жатқызсақ болады. Осы тұста журналистердің техниканы, әртүрлі қосымшаларды жақсы меңгергені жөн. Деректер журналистикасында ақпараттың не статистиканың берілуінде басты назарға қоятын нәрсе оның нақтылығы, өткірлігі. Осылайша, айқын, нақты фактілерге толы мәтінді визуализация құралдарымен өз оқырманына жеткізе білу дата журналистиканың мақсаты деп білемін.

**ҚАЗАҚСТАН ТЕЛЕВИЗИЯСЫНДАҒЫ СПОРТ  
ТАҚЫРЫБЫНЫҢ ӨЗІНДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**  
(Qazsport телеарнасы 2013-2019)

**Әмірбек Б.**

*Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ  
журналистика факультетінің 1-курс магистранты  
Ғылыми жетекші: Ақынбекова А.Б., PhD*

Қазақстан телевизиясындағы спорт тақырыбының өзіндік ерекшелітеріне тоқталатын болсақ. Біріншіден қазақ спорт журналистика жайлы айта кеткеніміз жөн болады. Қазақстанда спорт журналистикасы қазақ және орыс тілді болып бөлінеді. Мемлекеттік тілдегі спорт журналистерінің жағдайы кейінгі кезде ғана жақсарып келеді. Ал қазақ спорт журналистикасының атасы ретінде Сейдахмет Бердіқұловты айтсақ болады. Оның шәкірті Несіп Жүнісбайұлы да – қазақтың спорт журналистикасы саласында өзіндік қолтаңбасы бар адам. Басылымдардағы спорт журналистикасының хәлі мүшкіл болған соң, телевизиядағы спорт журналистикасының жағдайын айтпасақ та белгілі. Соған қарамастан дамуға ұмтылу бар. Оның бір дәлелі 2013 жылы ашылған Қазспорт телеарнасы. Осыған дейін мемлекет тарапынан қаржыландырылатын ешқандай спорт телеарнасы болмаған. Тек отандық телеарналар арасында спорт тақырыбына сәл ғана көңіл бөлетін. Ірі спорт жарыстарынан телетрансляциялар жасап жүрді. Алайда 2013 жылы алғашқы спорт телеарнасы ашылып, ол жағдайда алға қозғалыс пайда болды. 2013 жылдан бері Қазспорт телеарнасы Қазақстан телерадиокорпорациясының қол астында қызмет етіп келеді. Сол жылдың 1 шілдесінен бастап телеарна спорт әлемінен хабар таратуын бастады. 7 жылдай уақытың ішінде телеарнаның атқарған қызметтері мен спорт тақырыбының телевизиядағы беру өзіндік ерекшеліктеріне тоқталатын болсақ. Телеарнаның үлкен жетістіктерінің бірі 2014 жылы Бразилияда өткен әлем чемпионатында атқарған қызметі. Бірінші рет қазақ комментаторлар әлем біріншілігі өтіп жатқан жерде ойынды жүргізді. Осыған дейін комментаторлар тек студия отырып жұмыс жасайтын. Одан бөлек Қазспорт қысқы, жазғы Олимпиада ойындарынан тікелей хабар таратты. 2016 жылғы Рио Олимпиадасында тұңғыш рет студиялық бағдарлама жүргізілді. Қазақстандықтардың қатысуымен өтетін еліміздің ішіндегі, алыс-жақын шетелдегі барлық байрақты бәсекелердің тікелей көрсетілімдерін көрсетті. Телеарна ашылғаннан бері бірнеше адам директор қызметін атқарды. Бірақ арнаның басты философиясы мен мақсаты өзгермеді. Еліміздің танымал спорт журналистері арнаның беделін тек асырып қоя берді. Қазспорт қазіргі заман талабына сай ребрендинг жасады. Телеарнаның логотипі өзгерді. Атауы латын қарпіне ауыстырылды.

Qazsport телеарнасының ақпаратты беру өзіндік ерекшеліктеріне тоқталатын болсақ. Күніне кем дегенде бес рет қазақ тілінде спорт жаңалықтары көрсетіледі. Ол жерде тек Қазақстан емес, әлем спортындағы жаңалықтар қамтылады. «Қазспорт қонағы» бағдарламасында елімізге танымал спортшылар мен сұхбат жүргізіледі. «Менің Олимпиадам», «Жеке бапкер» сынды бағдарламалар бар. Еліміздің барлық аймақтарындағы спорттың даму дәрежесін көрсететін «Спорттық аймақ» бағдарламасы бар. Одан бөлек апталық жаңалықтарын өорытындылайтын «Sport.kz» бағдарламасы көрермендердің көңілінен шығып жүр. Барлық бағдарламалар жұртшылықтың сұранысына ие десек болады. Көпішілік ұнататын журналистр де бар. Комментаторлардың өзі мақалдап, елді қызықтырып эфирді жүргізгенін елдер мақтап жатады. Телеарнаның басты мақсатының бірі еліміздегі бұқаралық спортты дамыту. Сол үшін де көптеген жұмыс атқарылуда.

Еліміздегі жалғыз спорт телеарнасы болған соң «Qazsport» ешқандай бәсекелестікті сезбейді. Телевизиядағы спорт журналистикасының дамуын қалайтын болсақ, бәсекелес арналар ашылуы қажет. Бәсекелестік бар жерде даму болады. Әзірге Қазспорт телеарнасы өз саласындағы үздік телеарна деп қаласақ та қаламасақта айтамыз. Себебі салыстыратын ешқандай спорттық телеарнамыз жоқ.

## ФАРИЗА ОҢҒАРСЫНОВА – ПУБЛИЦИСТ

**Башанова Қ.**

*Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ  
журналистика факультетінің 1-курс магистранты  
Ғылыми әжетекші: Ақынбекова.А.Б., PhD*

Қазақ баспасөзі тарихының өзі өткен ғасырдың жетпісінші жылдарынан басталатынын ескеретін болсақ, солардың ішінде қаламгер публицистердің ХХ ғасырдың бас кезінен ғана шыға бастағанын білеміз. Қазақ журналистикасының ХХ ғасырдағы бейнесін сомдар болсаңыз, өткен ғасырдағы жүгі ауыр салмақты арқалаған рухани қайраткерлердің қатарынан, журналистикаға өзіндік қолтаңба қалдырған бірегей таланттар шоғырынан Фариза Оңғарсынова есімін де кездестіресіз. Ол өзі туралы жазған өмірбаяндық дерегінде:

«Мен журналистік мамандықты керемет жақсы көремін. Журналист – халықтың жанашыры, адалдық пен әділетке арашасы. Тек осы парызды қолына қалам алғандардың бәрі өмір бойы Аяз бидің шарығындай пір тұтса ғой. Мен журналистік оқу оқымағасын, жұрттан үйренгім келіп, қазақ, орыс тілдеріндегі газет-журналдарды көп оқитынмын. Әсіресе, адам тағдыры жайлы жазылған, кейбір роман-повеске бергісіз Татьяна Тэсс, Ольга Чайковская және басқа айтулы журналистердің мақалалары маған өте ұнайтын.

Егер мен ақын болмасам, қартайғанша ел кезіп, әділет пен шындықты дәлелдеу үшін азып-тозып айшылық жол жүруге бар журналист болар едім. Алайда, менің ақын ретінде қалыптасуыма да журналистік жұмысымның көп әсері болды.

Мен бұл тағдырымды мақтан етемін» дейді. Негізінен журналист мамандығы үшін арнайы білімнен бөлек, туа бітетін жазуға қабілеттілікпен қатар, ерекше ынта қажет. Фариза Оңғарсынованың негізгі мамандығы журналист болмағандықтан, оған өз бетінше ізденуге тура келеді. Сондықтан да, өзі айтқандай, сол кездегі басылымдардан көрініп жүрген Татьяна Тэсс, Ольга Чайковскаялардың, өз алдындағы аға буынның творчествосын оқып, өз публицистік, журналистік шеберлігін қалыптастырады.

Фариза Оңғарсынова өзінің журналистік жолын ең алғаш Гурьев облыстық «Коммунистік еңбек» (қазіргі «Атырау») газетінен бастап, 1966-1968 жылдары әдеби қызметкер болып жұмыс істегені белгілі. Гурьев облыстық газетіндегі қызметінің арқасында қаламы біршама төселіп, публицистиканың біршама жанрына қалам тербейді. Фариза Оңғарсынованың осы тұстарда жазған мақалаларын жанрлық тұрғыдан саралайтын болсақ, көбіне хабар, есептер, оқырман хаттарына шолулар, публицистикалық бағыттағылар болып келеді. «Сатира негіздері» атты оқулығына осы бұқаралық ақпарат құралдарындағы жанрға баспасөз зерттеушісі Темірбек Қожакеев: «Жанр дегеніміз – белгілі бір шығарманың, газет, журнал материалының, радио, телевизия хабарының көріну, өмір сүру түрі – формасы. Нақты болмыс – құбылысты жазып, суреттеп, айтып берудің, оқиға, фактілерді көрсетудің ғылым белгілеген, жұрт таныған түр-көріністері болады. Өзіндік сипаты, өзіндік белгілері бар сол бітім-пішіннің әрқайсысы жанр деп аталады. Белгілі бір шығарманың, материалдың өзіне ғана тән, өзін ғана ерекшелендіріп тұрған құрылымдық-композициялық, тілдік, стильдік, тағы басқа белгілер жиынтығы оның жанрын айқындайды». Міне, осы орайда журналистикадағы жанр ұғымы, жанрлар тізбегі де Фариза Оңғарсынованың публицистік қырын, сырын өзінше зерделеуге мүмкіндік береді.

Публицист Фариза Оңғарсынова әлеуметтік-саяси құбылыстарға, түйінді мәселелерге байланысты ой қозғап, сол дәуірдің тынысын, сол кездегі өмір картинасын көз алдыңызға әкеледі. Демек, публицистік шығармаларда фактілер өзгертілмей пайдаланылып, шындыққа сүйене отырып жазылады. Өз кезеңінің желпінісін, келелі істердің әуенін, дәуір үнін, сол оқиғалардың лебін сезініп отыруға публицист публицистикалық мұрасының әрбір туындысында мүмкіндік береді.

Әйел бейнесі қай уақытта да өзекті, маңызды тақырыптардың бірі болып қала береді. Себебі, әйел бейнесі өткеннің тарихы, болашақтың бой түзер үлгісі. Фариза Оңғарсынованың да ең көп жазған, жемісті тақырыбы – әйел теңдігі. Әйел теңдігі деген мәселеге қол жетіп, ер-азаматпен бірдей еңбек ету, ғылым мен техника саласында жаңалықтар ашу, мал бағып, егін салу – бұның бәрі әйел затын ошағының жылуын өшірмей, ұрпақ өрбітіп, оған қоса нәзіктікті дарақылық басып бара жатқан кезеңде сол баяғы сыйпайылық пен сындарлылықтың белгісіндей жан сұлулығын бойында сақтау қасиеттерінен алшақтауға мәжбүр етеді.

Фариза Оңғарсынова журналистикалық тапаптағы қаламгерлік пен қайраткерлікті қатар ұстаған тұлға. Оның публицистикасын тәуелсіздікке дейінгі кезең мен егемен күнде танбаланған азамат ой негізіндегі жазармандық құндылықтар деп екшеу аса орынды. Тіпті, Фариза Оңғарсынова сөз кісені қысқан дәуірде де қай жанрда, мейлі ол публицистік немесе әдеби болсын, барлығын өзіндік дара стилімен, көркем тілімен ұлттық санада жазды. Мақтау мен сыңаржақ баяндауға бой алдырмады. Орта Азия журналисттерінің арасында әйел теңдігі, әйел құқығының теориялық анықтамасы – феминизм мәселесін батыл көтеріп, қаламына ар мен адалдық публицистикасын арқау етті. Оның ішкі қуат лебін «Шашы ағарған қыз», «Теңіз бұрқанып жатыр», «Кұштарлық» очерктері мен «Дала маржандары», «Тәуелсіздік толғауы» мақалаларынан байқар едік, ұғынып, әлі күнге өзектілігін жоймаған рух қайнарының тұнықтығына үнілер едік.



## ҚАЗАҚ ТОРЫ

Ергеш А.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ  
журналистика факультетінің 3 курс студенті

**Ғылыми әсетекші:** Наурызалиев Н.

Әлеуметтік ғылымдарының магистрі, аға оқытушы

Мен анамның құрсағында жатқанда болмысымды, боз жорғадай желіп өтерімді ол әу бастан білген екен.

Таң сәриден күнмен таласа апам оянады. Сиырын сауып, сүт пісіріп, күнделікті күйбең тірліктің әуресіне кіріскен. Иісі шіркін, тұтас ауылға тарайды. Өріске өрлеп шығар малдың қарасы қалындады. Қораның іші, апамның қолы босағандай. Түтін. Түтіннің иісін сезем. Апам ғой, шокқа нан пісіріп жүр. Жоқ. Шокқа емес, боққа піскен әсілі. Жарықтық, қызарып піскен нанды майға илегенде, аузыңның суы құриды.

–Апатай, қолыңның майын жумағың, нанға сүйкеп бер. Маған бер-дегім келеді.

Кешке маңырап мал келеді. Тұсауын шешіп жылқыларды қораға айдаймын. Әкеме серік керек, маған тайға міну керек. Айналсоқтап қасынан шықпаймын. Серіліктің серісі менің әкем. Ат шаптырады. «Ат болатын тай саяққа үйір, адам болатын бала қонаққа үйір», "Баланы ұрмай-соқпай кісі күтіп, ақ дастарханмен де тәрбиелеп алуға болады " дейді әкем. Ат болатын тай саяққа үйір, адам болатын бала қонаққа үйір. Қонақ келгенде қазан көтерсе, қазан мың қайғыны көтереді-мыс.

Кісі өзімен он ризық-несібені алып кеп, тоғызын тастап кетеді. Алдымызға қойылған адал астан биік емеспіз. Шаңырықтың шама-шарқына, жайылған асқа, қуыс үйге соқыр боп кіріп, мылқау боп шығу керек екен. Ардақты пайғамбарымыз былай дейді: "Кімде-кім ақырет күніне және Аллаға сенсе, қонағына сый көрсетсін". Екі адамның басын қосып шәй бере алмаған үйден көңіл қалады, қадір қашады, пейіл тарылады. От жағылмаған үй-қора, Кісі кірмеген үй-мола. Қанға сіңген қасиет бұл. Жиі айтып отыратын ақылдары мен өмірлік сабақтары үшін әкемді аса қатты құрметтеймін.

Атам, арғы атам да, бабам да жылқы десе ішкін асын жерге қойған екен. Жанына еріп, әңгімесін тыңдаған маған да ұнайды. Жаным жайланып қалады. Айта берсем ұзын сонар, оның көз тастауы, ұзақ ойлануы, жүріс-тұрысы мені қызықтырады. Соған ұқсауға тырысатыным тағы бар. Мал-жанды жайғастырып доп қуалайтын да әдетім бар. Сілелеп кеп, апам күйған асты ішіп, сұлап түсем.

Бүгін әкем таң атпай тұрды. Шырт ұйқыды жатқан біздерді ұлым, қызым деп еміреніп оятты. Мүлгіген тыныштық. Тұтас ауыл шырт ұйқыда. Кісінеп, тепсінген жылқыларға бет алды. Шоқпардай кекілі бар қамыс құлақ. Ақырын басқан қадамға құлақтары қақиып әкемнің демін сезіп тұр жарықтықтар. Асықпай, саспай, өзі жүйрік, өзі берік, жуан, жуас, қолға түспес жақсы аттарын еркелетіп, жалынын тарап, әдетінше су беріп, асты-үстіне түсіп жатыр. Сәйгүлігін сайлап, тарланын тарлап, кербездерін ұлттық ойын, жылқының да жігіттің де шыңдалар шыңы көкпарға дайындалып жатыр. Әкем тұрмақ, тұтас ауыл төр түліктің төресі жылқы десе ішкен астарын жерге қояды.

Көкпар десе жеті жастағы баладан жетпістегі қартқа дейін делебелері қозып, рухтанып, желпініп салады. Міне, өздері де көшені басқа көтеріп есік алдына жиналды. Ауыл атбегілері мен шабандоздарын айтам. Атта отырғанның алты қап желі болады деген рас-ау. Киген бөріктері, шапан-шаптығы, шіркін! Бәрі келіскен. Олардан кішкентайлар қалсын ба? Олар да құдды бір қақпанбелділерде отырғандай есектерін ерттеп алып, шіреніп отыр. Есік алдында айқай салып, ысқырып әкемді күтіп тұр. Ал, әкем жиен қасқасымен күміс әбзелдерімен, кербез жүріспен ойқастап шықты. Артына қос қанаты, інім екеуіміз ілестік. Барған жерде өз сыбағасын алатын, отты көзді, қақпанбелділер топ бастады. Алдына ат салдырмайтын тұяғы қалың тастұяқтар Төры Төбел мен Қазақ торының шапқан сайын арыны бәсеңдемейді. Тіл-көзден, бәле-жаладан сақтасын деп анам адыраспан түтетіп, жылқыларды аластап жатыр. Серілер думандатып, тойлатып бұрқыраған қалың шаңға сіңіп кетті.

Бірде сабақтан келсем үйде кісі көп екен. Көз қырымды тастап, жанарыммен сүзіп, әңгіме тыңдап отқаным сол еді, кенет үстіме суық су құйғандай, дір еттім. «Ат, саудасы келсе сат». Төрде отқан мұртты, жуан денелі, қарадан келген бейтаныс менің Қазақ Торымның иесі бола шықты. Бұл қалай? Үш ұйықтасам құлағым бұл сөзді естиді деп ойламаппын.

Менің торым. Қазақ торым. Марқұм нағашымның: « алып анадан туады. Сол биенің жақсы тайын саған берем» деп сый еткен асылы, өзгенің қолына қалай кетті? Неге кетті?

Ол менің еншілегелі тұрған екінші таңдауым. Бұған дейін сүлік қара Қарагерді сыйға тартқаны бар. Оның жөні тым бөлек. Сәтін салғанда сөз етермін.

Жауға мінсем-айбарым, төбемдегі байрағым. Тоқырлаған бір үйірден кербез жүрісті торы атқа көзім түсті. Тепсінген тастұяқтардың арасынан отты жанарымен баурап алды. Жанып тұрған көзі, үйлесе біткен алды мен арты, даладай омырауы, бәрі келісті, кербез. Таңдауым торы ат. Қазақторы деп ат бердім.

Ауылдың атсейістері де басқасы да Қазақтарының сұлулығын жарыса айтады. Айтса айтқандай, үріп ауызға салғандай. Саған қолым жетті-ау, тақымым тиді-ау. Таза қанды, айбынды, қамыс құлақты,өзі жүйрік, өзі берік. Қолға түспес жақсы ат. Неше сәйгілікті сайлағанмен, тарланым Қазақтары сен боп тұрсың. Күміс әбзел, кербез жүріс, ойкастаған тура мінез. Мені мойындатқан қақпанбел, тұяғы қалың тастұяқ сенсің-Қазақтары. Бір-ақ түнде жаттың жетегінде кетті. Кісінеп, тулап сала берді.

- Кешір мені, амалым жоқ! Шапқанда арының бәсеңдемей, бағың мен бабың қатар шапсын.

- Қожам-ау, тастама мені! Бұл қалай?

- Амалым жоқ, қолымнан келер қайран жоқ...

- Менің пұлым азық болса, 1000 жанымды ойланбастан қияр ем...көндім!

Жер тепсініп, кісінеп, тулап сала берді. Біз жанарымызбен үнсіз ұғыстық, кешірім де сұрастық. Көңілімнің көріктігі де шоқтығымның биіктігі де сен едің ғой. Бұл қалай? Көз алдымда Қазақтарым жаттың жетегінде кете барды. Жәй кетпеде, шетел асты. Қазақтың қара топырағында жүрсе, жаным бұлай құлазымас па еді! Мен жұтқан ауамен сен тыныс алсаң болмас па еді?

Сағаттар сырғып, күндер жылжып жатты. Әкеме деген реніштен бір-бірімізге жақ аспағалы қанша болды.Таңым атып, кешім батып жатты. Ашу-ыза, өкпе-наз, әкеммен арамызды алшақтатып жіберді. Есіл дертім жат қолында кеткен жылқым еді. Жерсінбедіңбе, үйрендің бе? Ештеңеден хабарым жоқ, білмеймін.

Жат жерге келгеніме екі айдың жүзі болды. Тілін ұқпаймын егем-ау. Суына қанбаймын. Көзімнің оты сөнді, жалыны кетті. Бойымнан әлім құрыды. Жұтқан ауам, ішкен асым харам. Менің жаным қазақ, қаным қазақ. Туған жердің топырағын аңсадым. Көк майса шөбін, ауылдың дүбірін, судың күрілін. Сен жалымды тараушы ең ғой. Оны да сағындым. Саған жетсем, менің егем, арман бар ма? Қолыңда жан тапсырсам, өкінбей өтер ем.

Өмірдің өрнегі әр қилы боларын білсемші. Көңілімнің көріктігі, шоқтығымның биіктігі сен едің, ауылым еді. Қарамаған адам, тексермеген дәрігер, салынбаған дәрі қалмады. Сен айқандай, қарадан келген Қайсарбек қолынан келгенін жасады. Менен қайран болмады. «Мал болмайды, додада қайнамаса қазанда қайнасын» деп жатыр ием. Мен қайтем, қалай құтылам, саған қалай жетем? Өмірдің өлшеп берген ғұмыры Қырғыз жерінде біте ме? Бойыма жан бітіп, кеудеме күш бітіп, тулап саған тура қашсам... Шіркін, сенің қолыңда өтсем жалғаннан, арман бар ма? Қош, қаным менің қазағым! Денемнің дірілін емес, көз жасымды сездім. Ұйқыға кеттім...

Жазық дала, таза ауа. Мен енемнен енді туғандаймын. Аяққа тұра алмай, тірсегім тірсегіме тимей дірілдеп тұр. Жағымды дауыс, тамаша иіс. Мен қайдамын? Адамдар ауыз толтырып айтар жұмақ деген осы ма? Көзімді ашуға менің шамам жоқ. Мейлі, қара түнек болса да маған ұнап жатыр. Бұл қай жер? Адам бар ма? Мені босатындар? (ұза-а-а-а-қ кісінедім) Кенет есік ашылды.

- Саған жан бітті ме жануар?

- Сен кімсің, мен қайдамын?

- Еңсеңді көтер, дертіңе дауа таптым. Еліңе, туған жеріңе оралдың.

- Енді алсаң болады жанымды құдай. Дайынмын. Туған жердің топырағында өліп, ит құсқа жем болсам да өкінбеймін. Менен бақытты ешкім жоқ.

- Аз қалды, Қазақстанға кіреміз, отаныңа ораласың...

Мен оралдым. Еліме тұяғым тиді. Дүниенің қайғысы ақ жауындай тоқтамаспа еді... Бірақ, түн артынан күн шықты. Көзіммен ауылды сүздім, иемнің құшағына құлдилап барып құладым.

Дүниежүзінде шамамен, 4 миллиард мал болса, соның 1,7% жылқы түлігі құрайды. Жылқының 300 тұқымы, одан 58 млн саны бар.

Бірақ, Қазақ торы біреу ғана.Ол дара, қайталанбайды. Ілеуде біреу, ғасырына бір туады. Бізді тоғыстырған тағдырға, қара торы Қырғыз жігітіне алғысым мол.Тортай мінбеген ақ боз ат, Торым менің қанатым, менің пырағым.

## ШЕРХАННЫҢ ШЕБЕРЛІГІ НЕМЕСЕ ПУБЛИЦИСТИКАСЫНЫҢ САН ҚЫРЫ

**Жолшиева Д.**

*Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ*

*журналистика факультетінің 3 курс студенті*

*Ғылыми жетекші: Р.С. Жақсылықбаева, фил.ғ.к., доцент*

Қазақтың арғы және бергі тарихында ұлт руханиятына олжа салған үлкен газеттер бар. Шерхан Мұртаза өзі басқарған «Социалистік Қазақстан» (қазіргі «Егемен Қазақстан»), «Лениншіл жас» (бүгінгі «Жас Алаш»), «Қазақ әдебиеті» газеті. Осы үш басылымға бірдей бас редактор болған адам ұлт тарихында жоқ. Ол – жалғыз Шерхан Мұртаза. Оған қосымша, қазақтың әдеби процесін қалыптауға, әдебиетінің бейнесін қалыптастыруға үлес қосқан екі үлкен журнал бар. Олардың тарихы ежелден келе жатыр. Оның бірі – «Жұлдыз», екіншісі – «Жалын». Осы екі журналға да қатарынан редактор болған ұлт тарихындағы жалғыз адам, ол – Шерхан Мұртаза. Сондықтан Шерхан Мұртазаны қазақ журналистикасының бас қолбасшысы, бас сардары деп білеміз.

Екіншіден, Шерхан Мұртаза – жазушы. Жазушы болғанда, бүгінгі қазақ әдебиетінің классик жазушысы. Шерхан Мұртаза өзінің үлкен әдебиетке журналистика арқылы келгендігін үлкен мақтанышпен айтады. Оның себебі де бар, журналистика өмірдің қан базары. Жазушы содан өзінің керегін алады. Ал кейбір жазушы сол қан базардың ортасында мәңгілік қалып қояды. Шерхан Мұртаза – сол қан базардан өзінің керегін алып, қазақ әдебиетінің классигі дәрежесіне еркін көтерілген тұлға.

Шерхан Мұртазаның екі қырын айтқаннан кейін, үшінші қырына да тоқтала кеткіміз келеді. Биліктің үш тармағы бар. Атқарушы билік, заң шығарушы билік, сот билігі. Соның екеуінде табысты қызмет істеп, үлкен мемлекет қайраткері деңгейіне көтерілді. Атқарушы биліктің деңгейінде Қазақ телевидениесінің тізгінін ұстаса, бірнеше рет қатарынан республика Парламентіне депутат боп сайланып, ұлттық парламентаризмді қалыптастыруға үлкен үлес қосқан мемлекет қайраткері деңгейіне көтерілді. Еліміздің тәуелсіздік алған елең-алаң шағында оның руханиятының бекуіне, оның мәдениетінің дамуына, ұлттық мемлекеттік институтының қалыптасуына үлес қосқан Шерхан Мұртаза деген қазақ мемлекетінің үлкен қайраткері.

Мықты журналист болуға да болады. Мықты жазушы болуға да болады. Мықты мемлекет қайраткері болуға да болады. Бірақ арына дақ түсірмей, алған принципінен қайтпай, табанды тұлға болу, қайтпас қайсар азамат болу – үлкен жазушының бәрінің маңдайына бірдей жазылмаған бақыт. Шерхан Мұртаза – өзінің шығармашылығында, жазушылығында, қайраткерлігінде Бауыржан Момышұлының қайтпас қайсарлығын, Тұрар Рысқұловтың табандылығын өзінің бойына сіңіре білген адам.

## ХАЛЫҚАРАЛЫҚ МЕДИА НАРЫҚТАҒЫ АҚПАРАТТЫҚ БИЛІК («ӘЛ-ЖАЗИРА» ТЕЛЕАРНАСЫНЫҢ ҮЛГІСІМЕН)

Жұматай А.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ  
журналистика факультетінің 4-курс студенті  
Ғылыми жетекшіі: Мысаева Қ.Н., фил.ғ.к., доцент

«Әл-Жазира» – ХХ ғасырдың соңында Катардың Доха қаласында құрылған телеарна. Өзінің 22 жылдық тәжірибесінде батыс елдері арасында алдыңғы қатарды иеленгенмен, пропагандалық жаңалық, шеруге, көтеріліске үндеу жарияланған ақпараттары арқылы араб халқының «жек көрінішті» телеарнасына айналды. Алғаш «тәуелсіз телеарна» болып құрылған «әл-Жазира» сөз бостандығын өз деңгейінде қолдана алмады.

Шетелдік және отандық БАҚ-қа шолу жасаған сайын, ой еркіндігі мен сөз бостандығына аңдап басу керектігін айқындаймыз. Араб медиа нарығындағы журналистика «тәуелсіз баспасөз» атауын иеленсе де, саяси күштердің ықпалынан өз қызметін атқара алған жоқ. Мәселен, Ливиядағы Триполь оқиғасындағы қарулы қақтығыстар туралы «әл-Жазира» телеарнасы сюжеттің бірінде «наразы топтың Муаммар Каддафиге қарсы шабуылы салдарынан Киренаикада алты мың адам көз жұмды» деп хабар таратты. Шын мәнінде, тұтастай манифестік жағдайдың болмағаны және қаза тапқандар саны 200-ге жуық екендігі анықталды. Сол жылы «Russia Today» тілшілерінің зерттеуі де қаладағы қанға боялған үлкен алаң мен тоқтаусыз атылған мылтық оқтары көрсетілген сюжеттің Катарда болған оқиға кезінде түсірілгенін дәлелдеді[1]. Демек, сөз бостандығының өз деңгейінде қолданылуы мемлекеттің саяси құрылымы мен ақпараттық билікке тікелей байланысты. Осы ретте «әл-Жазира» хабарлары таралатын ең ірі араб елдері мен мемлекеттегі саяси құрылымның сөз бостандығына ықпалына зер салсақ.

Экономикалық дамуы бойынша жоғары имиджге ие Катардың мемлекеттік саяси құрылымы – абсолюттік монархия. Ал абсолютизмнің монархиялық бөлінісіне сай басқарушы тарап заң шығарушылық, қаржылық, діни, сайлау органдары арасында билікке шексіз иелік етеді. Ал билік құрылымы заңдық, құқықтық жағдайда мүлде өзгеріске ұшырамайды. Демек «әл-Жазираның» бағытын түбегейлі өзгертуге себеп болған да Катардағы абсолюттік монархияның үстемдік құруы[2]. Ресми Солтүстік-атлантикалық альянс пен Еуропалық одақ экстремистік, қауіпті топ деп таныған «Мұсылман бауырлардың» белді мүшесі Юсуф әл-Арадавидің «әл-Жазираны» қаржылық жағынан қамтамасыз етіп отыруы да билік басындағы шенділерді тақтан тайдырып, саяси билікті қолға алудың бірден бір амалы болатын.

Парсы шығанағындағы халықтар үшін рөлі зор, әрі «Араб көктемінде» басты оқиғалар орын алған Египеттің мемлекеттік құрылымы – демократия. Яғни араб халқы тек туған тілінде сөйлейтін, мұнайға бай ел болса да, әр мемлекетінің саяси бөлінісі әр түрлі. «Қазақ энциклопедиясына» сүйенсек, демократиялық мемлекет – барлық әлемде жаңа заманға сай тараған мемлекет үлгісі. Мұндайда мемлекет негізін халық құрайды. Ал халық билігі жағдайында мінберді ел-жұрт, мемлекет қадағалап, үнемі хабардар болып отырады.

Демократиялық қоғам азаматтарға өзінің саяси көзқарастары мен ой-пікірлерін еш бүкпесіз білдіру бостандығымен қатар, ақпарат алу және оны тарату еркіндігімен де ерекшеленеді [3]. Сөз еркіндігі әр елде әрқалай қолданысқа ие. Араб елдеріндегі бұқаралық ақпарат құралдарындағы сөз бостандығының қалыптасуына, өркендеуіне біраз уақыт тосқауыл болған себептерді саралап көрелік:

Біріншіден, «тәуелсіз баспасөз», «сөз бостандығы» деген терминдер саяси тұрғыда араб медиа жүйесінің тәжірибесі мен теориясында ХХ ғасырда қалыптасқанмен, ақпараттық биліктің ықпалынан «әл-Жазира», «әл-Арабия» телеарналары саяси билік құрылымына толықтай «тәуелді» болды.

Екіншіден, ашық ойдың жетіспеушілігі, пікір алуандылыққа яғни плюрализмге лайықталған тәуелсіз медианың қалыптаспауы.

Үшіншіден, жарияланымдар саны мен сапасының қабыспауы, сюжет, репортаждарда біржақты көзқарастың ұшырасуы.

Төртіншіден, мерзімді баспасөзде жарық көрген дәлелді материалдар мен зерттеудің нәтижесінен белгілі болғандай, «әл-Жазираға» билік еткен ұйымның ықпалынан тілшілер жалған ақпарат таратып, үгіт-насихатқа көп жол берді.

Халықаралық медиа нарықтағы ақпараттық биліктің үстемдік құруы мемлекет жағдайына түбегейлі өзгеріс енгізеді. Ақпараты қуатты мемлекеттің ішкі және сыртқы жағдайына нұқсан келмейді. Авраам Линкольннің сөзімен айтсақ, «Шындығы басым жерде халық та, билік те тыныш». Демек, журналистикада саясаттың үстемдік құруы ақпараттық билік дәрежесін көрсетеді. Араб медиа саласында жетекші рөлді иеленген «әл-Жазираның» хабар тарату үлгісі ақпараттық биліктің рөлін айқындап берді.

### Пайдаланылған әдебиеттер:

[1] Wriston W.B. Bits, Bytes, and Diplomacy [Text] / W.B. Wriston // U.S. Institute of Peace Peacework. – № 18 (September 1997). – P. 6-12.

[2] Тофлер О. Проблема власти на пороге XXI века // Свободная мысль. 1992. № 2. С. 114.

[3] Glotz P. Chancen und Gefahren der Telekratie // Die Neue Gesellschaft. Frankfurter Hefte. 1995. № 1. S. 32-41.

## КОПИРАЙТИНГ ТАЛАПТАРЫ

**Кәріпжан А.**

*Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ  
Журналистика факультетінің 2-курс студенті  
Ғылыми жетекші: Әлімжанова.А.Б., PhD*

*Мәтін тек әріптер мен сөздер жиынтығы ғана емес,  
ол оқырманның мінез-құлқына әсер ететін құрал.  
Денис Каплунов*

«Телефонның пайда болуы жазу өнерін жойды. Енді оның қайта келетін кезі келді», – деп жазады The Wall Street Journal [1]. Расымен де, электронды пошта арқылы, әлеуметтік желілерде, әртүрлі онлайн платформаларда «жазушылар» көптеп пайда болды. Олардың бірі – еш мақсатсыз, өзі үшін әріп теретін жандар болса, енді бірі – қаламы табыс құралына айналып отырған кәсіби жазушылар мен журналистер. Алайда, интернет пайда табуға қолайлы мүмкіндік бергендіктен, заман талабына сай жаңа ұғым – копирайтинг сұранысқа ие бола бастады.

Көптеген адамдар копирайтерді үйде мақалалар жазатын және баспаға шыққан әр мың таңба үшін ақы алатын адам деп ойлап, ал мақала мазмұнына мән бермей жатады. Мұны айту – дәрігердің науқасқа жазып берген әр рецепт бойынша ғана ақша алуымен тең. Яғни бұл қате тұжырым. Копирайтинг – бұл мәтін көмегімен мәселелерді шешу.

«Копирайтинг для бизнеса» кітабының авторы Д. Шардаковтың айтуы бойынша, қарапайым мәтін жазушылар – арзан мәтіндік массаның бір буыны. «Иә, биржада жүздеген мың автор бар. Бірақ олардың істегені копирайтинг емес және қызметі үшін тиын ғана табады (1000 немесе одан аз белгілерге 1-2 доллар). Ал нағыз копирайтерлер мәселені 3 сөйлеммен де шеше алады. Ал олардың қызметі 1500 доллармен, кейде одан да көп бағаланады», – дейді Шардаков [2]. Сонша табыс табатындай, копирайтер не жазады? Бұл сала мамандарының қызмет саласы:

- ✓ Сайттарға арналған мәтіндер;
- ✓ Баспа жарнамаларына мәтіндер;
- ✓ Коммерциялық ұсыныстар;
- ✓ Адамды тауарды сатып алуға үгіттейтін парақшалар;
- ✓ Скриптілер мен сценарийлер;
- ✓ «Ақ кітаптар» (whitepaper);
- ✓ E-mail хаттамалар;
- ✓ Avito, Slando, OLX сынды сауда тақталарына арналған жарнамалар, т.б.

Мәтінді дұрыс жаза білу өнері кез-келген салада өз қолданысын табады. Ал копирайтерлер үшін дұрыс жазып қана қою аздық етеді. Олардың басты мақсаты мәтінді оқырманға сенімді етіп ұсыну арқылы тапсырыс берушінің қызметін «сатып алатындай» жағдай жасау. Сенімді түрде жазу әдемі сөздермен көзді қуантуды білдірмейді. Бұл – әрекетке әсер ету деген сөз. Яғни, сөз арқылы оқырмандардың назарын және іс-әрекетін басқару.

Копирайтингпен айналысатын адамның мәтіні сәтті шығу үшін мынадай сұрақтарға жауап беруі керек:

- ✓ Тандалған аудитория сіздің өніміңізге мұқтаж екеніне сенімдісіз бе?
- ✓ Сіз өнім қанағаттандыра алатын қажеттіліктерді қаншалықты дәл анықтадыңыз?
- ✓ Сіздің ұсынысыңызда клиент жаңа ақпарат таба ала ма?
- ✓ Клиенттің өз мәселесін басқа жолмен (өзі үшін пайдалырақ) шеше алмайтындығына сенімдісіз бе?
- ✓ Сіз іс-әрекеттің нақты себептерін анықтағаныңызға қаншалықты сенімдісіз? Сіз оларды мәтінге енгіздіңіз бе?
- ✓ Сіз айтқан артықшылықтар расымен де тартымды ма?
- ✓ Сіздің ақпаратыңыз бейхабар адамға қаншалықты шынайы көрінеді?
- ✓ Сіз оқырманға оның сипатталған артықшылықтарға расымен де ие болатынына көзін жеткіздіңіз бе?
- ✓ Сіз «алдамай», сенімді, достық үнмен жаздыңыз ба?
- ✓ Сіздің ұсынысыңызға жауап бергеннен кейін оқырманның өмірі немесе шығармашылығы қалай өзгеретінін көрсеттіңіз бе?
- ✓ Сіз ұсыныстың тартымдылығын растау үшін дәлелдерді қолдандыңыз ба?
- ✓ Оқырманға сіздің ұсынысыңызға жауап беру кезінде ештеңе тәуекел етпейтініне сендірдіңіз бе?
- ✓ Мәтінді оқу процесін қаншалықты жеңіл әрі қызық еттіңіз?

Мәтінді нақты әрі дәл етіп жазу өте маңызды [3]. Мысалы, «әрдайым», «үнемі», «жиі» және «күнделікті» сөздерін салыстырып көрейік. «Біз тексеру жұмыстарын әрдайым жиі жүргізіп тұрамыз» дер болсақ, оқырманға сенімді естілмеуі мүмкін. Себебі «жиі» деген сөздің жиілігін де әр адам әрқалай қабылдайды. Ал «біз тексеру жұмыстарын күнделікті жүргіземіз» деген сөйлем адамға істі барынша нақты жеткізіп тұр.

Ең бастысы, бірінші орынға аудиторияны қою. Маркетологтар арасында «Қуырылған етті емес, қуырылған дәмді сатыңыз» деген ұғым бар екен. Мәтіннің бірінші жолдардан-ақ сіз өзіңіз туралы емес, мақсатты аудитория туралы ойласаңыз, аудитория да сізді автор ретінде жақсы көреді және сіздің ұсыныстарыңызға оң жауап бере бастайды.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Роуман К., Рафаэльсон Д. Как писать так, чтобы вам доверяли.
2. Копирайтинг для бизнеса. Шардаков Д.
3. Нейрокопирайтинг. Каплунов Д.

## «ЖАС ҚАЗАҚ» ГАЗЕТІНДЕГІ ИНФОГРАФИКА

**Кеңес А.**

*Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ  
журналистика факультетінің 2-курс магистранты  
Ғылыми жетекші: Р.С. Жақсылықбаева, фил.ғ.к., доцент*

Отандық баспасөз қазіргі жағдайда ақпарат берудің жаңа нысандары мен әдістерін іздеу үстінде. Бұл үдерісте оған әр түрлі факторлар әсер етеді, бір жағынан, интернет-БАҚ тың алға шығуы, екінші жағынан – қазіргі заманғы газеттердің міндеттерін жаңадан тұжырымдайтын көптеген экономикалық және әлеуметтік өзгерістер орын алуда. Осындай кезеңде қолданылатын ақпарат берудің жаңа әдістердің бірі – визуалды инфографика. Отандық басылымдардың арасында инфографиканы пайдаланып оқырмандарына ақпаратты дата элементтері арқылы беріп отырған бірден бір басылым ретінде «Жас Қазақ» газетін атаймыз.

Деректерді баспасөзге лайықтап беру бірнеше себептерге байланысты үлкен танымалдыққа ие: газеттегі ақпаратты визуализациялау үрдісі, полиграфияның техникалық мүмкіндіктерінің өсуі, редакциялардың дизайн саласындағы кәсіби өсуі. Басылымдағы инфографика айдарындағы жарияланымдар қандай да бір заттың немесе бір жүйенің жұмыс істеу алгоритмін көрсету қажет болғанда, заттар мен фактілердің уақыт пен бір текті ақпараттың үлкен көлемін топтастыру үшін қолданып келеді.

## DATA-ЖУРНАЛИСТИКАДАҒЫ АШЫҚ ДЕРЕКТЕР: КОНЦЕПЦИЯСЫ, ҚЫЗМЕТІ ЖӘНЕ МҮМКІНДІКТЕРІ

Тоқан М.

*әл-Фараби атындағы ҚазҰУ  
Журналистика факультетінің 1–курс магистранты  
Ғылыми жетекшісі: Сұлтанбаева Г.С., профессор*

Қазіргі журналистикадағы деректермен жұмыстың негізгі ерекшеліктерінің бірі кестелік деректер түрінде шифрланған жаңа ақпараттық себептерді іздеуге бағытталған. Мәселен, 100% – ға жуық жағдайда министрліктердің өз бюджетінің шығыстары жайлы ақпараттар сандық мәндермен күрделі кестелермен көрсетіледі, оларды тек сол істің мамандары ғана шеше алады. Data журналистика болса арнайы бағдарламаларда осы деректермен жұмыс істеуге және оларды кең жұртшылық үшін түсінікті басқа түрде ұсынуға негізделген.

Деректер жаңа визуалды-бейімделген көріністе (инфографика, интерактивті жобалар, ақпараттық бейнелер) ұсынылады немесе деректер базасынан алынған барлық ақпаратты визуализациялау қажет емес, өйткені мәтін жазу кезінде пайдаланылады. Data журналистерінің міндеті БАҚ аудиториясына қажетті қорытынды жасай алатындай қоғам үшін ашық және түсінікті түрде ақпарат берумен негізделеді.

Data-журналистиканың қазіргі қоғамдағы қызметіне қысқаша анықтама бергеннен кейінгі кезекте ашық деректер концепциясының қызметі мен мүмкіндіктеріне тоқталсақ. Ашық үкімет бастамаларының және ашық деректерді енгізудің, сондай-ақ «Ақпаратқа қол жеткізу туралы» ҚР Заңын қабылдаудың арқасында ҚР азаматтары деректерге көбірек қол жеткізу мүмкіндігіне ие болды. Деректерге қол жеткізу нақты елдің контекстінде ғана емес, одан да жаһандық болып отыр. Адамның орын ауыстыруы, оны сатып алу, емдеу, оқыту және өмірдің кез келген басқа да оқиғалары сандық деректерге айналады. Бұл деректерді үкіметтер, ұйымдар қазіргі заманғы технологиялар арқылы жасайды және қоғамға ашық деректер түрінде ұсынылады. Осыған байланысты журналистикадағы эволюцияның жаңа сатысы қоғамға бейімделген түсінікті түрде ұсыну мақсатында ашық деректерді талдау болып табылады. Ашық деректерді ең алғаш өз саясатында 2009 жылы АҚШ президенті Б. Обама өзінің бірінші жұмыс күнінде қолданды. Сандық кодталған деректер қарапайым түрде тұтынушыларымен қауышты. АҚШ-тың ізінше ашық деректерді өз елінде пайдаланған мемлекеттердің саны артты. Алайда, Data-журналистика Қазақстанда қаз басқан жас сала болғандықтан ашық деректердің мүмкіндіктері әлі де толық мәнге ие бола алмай отыр. Сол себепті Data-журналистиканың мүмкіндіктерін осы сала дамыған мемлекеттердің жетістіктерімен қарастырамыз. OpenSpending-бұл жария салада фискалдық деректерді іздеу, визуализациялау және талдау үшін тегін, ашық және жаһандық платформа. Қазіргі уақытта сайтта салық есептерімен 109 375 112 астам 80 елден 3 133 деректер пакеті ашық түрде орналастырылған. WhereDoesMyMoneyGo жобасы. 151 Ұлыбритания тұрғындары олардың салықтарының қалай жұмсалатынын көре алады. Кез келген адам жобаны ұйымдастырушылармен электрондық пошта арқылы байланыса алады және қосымша мәліметтерді Open Knowledge Foundation веб-сайтындағы контактілер бетінде ала алады. Ұйымдастырушысы жобаны құрған және іске қосушы ашық білім қоры (Open Knowledge Foundation) 152OKF – бұл ақпарат ашуға арналған коммерциялық емес ұйым-қол жеткізуге және қайта пайдалануға ие барлық адамдар үшін қол жетімді.

АҚШ: «Dollars for Docs» жобасы Data журналистиканың классикалық үлгісі ProPublica ұйымының "докторларға арналған доллар" жобасы болып табылады. Жоба аясында фармацевтикалық компаниялардың АҚШ-та әр жеке дәрігерге олардың дәрі-дәрмектерінің жарнамасы, ұсынымы және үзіндісі үшін қанша төлегендігі туралы мәліметтері жиналды. Штаттың әрбір тұрғыны өзінің емдеуші дәрігерінің атын енгізіп, фармацевтикалық алыптардан қанша ақша алғанын біле алады және тиісті қорытынды жасай алады. Data-журналистиканың атқарылып жатқан жұмыстарының бір бөлігі ғана. Data журналистиканың таралуына ашық деректер мен ашық үкімет тұжырымдамасының одан әрі дамуына ықпал етеді, бұл мемлекеттік органдардың ресми сайттарында деректердің үлкен көлемін табуға мүмкіндік береді. Осы ретте жаһанданып дамып келе жатқан заманда Data-журналисттің атқарар жұмыстары сан-алуан. Қорыта келгенде Data-журналист ауқымды мағлұматтарды ұғынықты әрі көрнекті шағын ақпараттарға айналдырып оқырман назарына ұсынады.

### Пайдаланылған әдебиеттер мен ресурстар:

1. Теория СМИ и массовой коммуникации Выпуски: Выпуск №1, 2013г. Авторы материалов: Шилина Марина Григорьевна Data Journalism in the Structure of Media Communication
2. <https://openspending.org/>
3. <http://app.wheredoesmymoneygo.org/> 152 <https://okfn.org/>
4. THE NEED TO REFLECT: DATA JOURNALISM AS AN ASPECT OF DISRUPTED PRACTICE IN DIGITAL JOURNALISM AND IN JOURNALISM EDUCATION Lars Rinsdorf and Raoul Boers University of Applied Sciences for Media, Stuttgart, Germany [rinsdorf@hdm-stuttgart.de](mailto:rinsdorf@hdm-stuttgart.de)
5. <https://www.theguardian.com/news/datablog/2011/dec/09/datajournalism-reading-riots>



## ДИСНЕЙ ФИЛЬМДЕРІНІҢ ҚАЗАҚ ТІЛІНЕ АУДАРЫЛУЫ

Русланқызы Д.

*Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ  
журналистика факультетінің 3-курс студенті  
Ғылыми жетекші: Әлімжанова.А.Б., PhD*

Бүгінде киноиндустрияда ерекше орын алатын дубляж әлемнің кез келген тіліндегі туындыларды қазақшаға аударуға үлкен мүмкіндік беріп отыр. Дубляж дегеніміз – фильмнің, мультфильмнің, тіпті компьютерлік ойынның шет тіліндегі фонограммасын жасау. Бұл үлкен еңбекті талап ететін күрделі шығармашылық жұмыс. Дубляж толық жабдықталған дубляждауға қажетті әлемдік стандарттарға сай өндірістік қызметтерді жүзеге асыруға мүмкіндік беретін кәсіби дубляж студияларында жасалады.

Дубляждау бірнеше кезеңдерге жіктеледі. Әуелі дубляж студиясы фильмнің жобасын алады. Артынша режиссер оны қарап шығып, аудармашыға береді. Содан кейін аударма жинақтаушының қолына түседі. Жинақтаушы экрандағы актерлердің еріндерінің қимылдарын дубляж мәтініне мүмкіндігінше сәйкестендіреді. Актерлердің сөйлеу ұзақтығы жаңа тілге бейімделеді. Дубляждың ең жауапты кезеңі – кастинг. Арнайы дубляжға таңдалып алынған актерлермен жұмыс жүргізіліп, дубляж үлгілері фильм өндірушілеріне жіберіледі. Олардың өздері тембрге жақын дауыстарды және басты кейіпкерлерді дыбыстаушыларды таңдап алады. Жақсы дикциядан басқа, дубляждайтын актер жақсы есте сақтау қабілетіне ие болуы керек. Әр дауыс жеке жазылады. Студиядағы актер серіктестерімен тікелей байланыс орнатпайды.

Ал мультфильмдерді дубляждау кезінде жұмыстың процесі өзгереді. Балаларға арналған анимациялық туындыларды дыбыстау барысында көптеген мамандар қызмет атқарып, әлде қайда көп жұмыс жасалады. Әуелі студияда дайындық жүргізіледі. Еріннің қимыл қозғалысы, мимикасы камераға түсіріледі. Осылайша дубляж актері мен кейіпкері сәйкестендіріледі. Сондықтан мультфильм дубляжы әлде қайда үйлесімді болып шығады. Әрі қарай актерлердің сөзі тазаланады, үндестіріліп, дубляждалады, яғни дауыстар фильмнің ортасына орналастырылады. Ал қосалқы дыбыстар, музыка және дыбыстық тректерді дыбыс инженерлері жинақтап, режиссерге тапсырады. Дубляждың түснұсқадан ешқандай айырмашылықсыз шығуы режиссердің біліктілігін көрсетеді.

Әлемдегі туындылары ең көп дубляждалатын кинокомпания ойын-сауық индустриясының конгломераттарының бірі Уолт Дисней екені барлығымызға белгілі. Голливудтағы ең беделді, әрі танымал фильм өндіруші фабрика іргетасын 1923 жылы 16 қазанда қалаған. Алғашында шағын анимациялық студия ретінде бой көтеріп, штаб пәтері мен негізгі өндіруші күші АҚШ-тың Калифорния штатындағы Бербани қаласында орналасқан. Оның негізін салған ағайынды Уолтер және Рой Дисней. Олар 1924 жылы 1-ші наурызда жазушы Льюис Кэрролдың «Алиса ғажайыптар әлемінде» деген кітабының желісі бойынша жасалған «Алисаның теңіз жағасындағы бір күні» аталатын алғашқы туындыларын жарыққа шығарады. Сондай-ақ, өздеріңіз білетін Микки Маус алғаш рет 1928 жылы «Ессіз аэроплан» фильмінде бой көрсетеді. Сол жылы «Вилли атты кішкене кеме» фильмінің кейіпкері ретінде танылды. Бұл кино өндірісі тарихында алғашқы синхронды дыбысталған суретті фильм болатын. Микки Маусты алғашында Дисней өзі дыбыстаған. Кейін бұл тышқан бейнесі Уолт Диснейге жетістіктер жолын бастап берді. Атақты америкалық суретші-мультипликатор, кинорежиссер, актер, продюсер – Уолтер Элайас Дисней алғашқы дыбыстық және музыкалық мультфильм жасаушы режиссер ретінде 111 фильм, продюсер ретінде 576 кинофильм жасаған екен. Қазіргі таңда бұл компанияның туындылары әлемнің көптеген тілдеріне аударылып, кішкентай көрермендердің жүрегінен орын алды.

Қазақстанда Уолт Диснейдің фильмі алғаш рет 2011 жылы аударылып, дыбысталды. Қазақ тілінде дубляждалған анимациялық туынды «Көліктер – 2» болатын. Италиян, неміс, француз акценттерін отандық нұсқада таза қазақша сөйлеткен. Осы «Көліктер – 2» туындысынан кейін, көптеген Дисней фильмдері қазақ тілінде сөйледі. Осылайша барша қазақстандықтар бұл фильмдерді мемлекеттік тілімізде тамашалауға мүмкіндік алды. Сондай-ақ, қазақ тілі Walt Disney студиясының 39-тілі және әлем бойынша DVD, Blu-Ray форматында жарық көретін голливудтық фильмдерді тамашалауға мүмкіндік беретін негізгі 7 тілдің қатарына енді.

Қазіргі таңда Диснейдің дауыстық базасында жүз қазақстандық актерлер бар. Студия стандарттарына сәйкес фильмдерді дубляждау бойынша 150-ден астам маман оқытылды. Олардың ішінде 4 режиссер, 158 актер, 11 үйлестіруші, музыкалық директор, дыбыс инженерлері, аудармашылар, сондай-ақ екі аударма агентігі бар. Дубляждау процесі өте ауыр болғандықтан, Disney, Marvel немесе Sony сияқты авторлық құқығы бар компаниялар бұл жұмыстың дұрыс жүргізілгенін талап етеді. Егер кейіпкер мұнайып, онша күлмесе, көңіл-күйді толығымен жеткізе алмаса, қайтадан дыбыстау керек. Өйткені, синхронды дубляж тек дауыстың тембріне ғана емес, сонымен қатар кейіпкердің мінезіне де сәйкес келуін қажет етеді.

Дисней фильмдері қазақ тілді көрермендерге «AMG» компаниясының тапсырысымен 2015 жылы жол тартты. Олардың қазақ тіліне аударған алғашқы туындылары «Жұлдыздар шайқасы: Күштің серпілісі». Тимур Балымбетовтың режиссерлігімен дубляждalған мультфильмде Хан Соло, Генерал Органа, Кайло Рэн, Рэй, Финн сынды кейіпкерлер ана тілімізде сөйледі. Оларға жан бітірген Бекболат Құрманғожаев, Тынықұл Сұлтанбердиева, Жасұлан Байсалбеков, Сәуле Тұрдахунова, Шах-Мұрат Ордабаев есімді дубляж актерлері. Бұл алғашқы жылда жетістігі болатын. Ал 2016 жылы бір емес, бес туынды қазақ тілінде жарық көрді. Олар «Джунгли кітабы», «Алиса айнаның арғы бетінде», «Моана», «Күрескер бір. Жұлдызды соғыстар хикаясы», «Алғашқылар дәуірі».

Ал 2017 жылы «Өрмекші адам. Қайта оралу» Шах-Мұрат Ордабаевтың режиссерлігімен дайындалды. Питер Паркерді Заңғар Әбенев, Тони Старк – Сайлау Камиев, Мэй – Айнұр Бермұхамбетова, Нэд – Шах-Мұрат Ордабаев, Хэппиді Нартай Сауданбекұлы дыбыстады.

Графика – бүгінгі күнге дейін барлық графикалық өнердің көне нысаны. Алғашқы графикалық жұмыстар адамзат қоғамының дамуының ең ерте кезеңдерінде ежелгі адам үңгірлер мен үңгірлер қабырғаларына, сүйек тақталарында сурет салған кезде пайда болды. Тек қана оқиғалар мен қоршаған әлемді ғана емес, сонымен қатар, адамдар арасындағы қарым-қатынас құралы ретінде қызмет еткен алғашқы суреттерін салған кезде, алғашқы адам графика өнерінің негізін қалады. Осылайша, суреттердің көмегімен адамдар сол күндерде өз ойларын білдірді.

Адам өміріндегі сызбалар, эскиздер мен суреттердің мағынасы, адамзаттың дамуындағы рөлі қарастырылады. Тарихи дәуірден бүгінгі күнге дейінгі графиктерді дамыту талданады. Әдетте, графикалық сурет қағазға салынады және оны жасау үшін суретші қарапайым құралдарды пайдалана алады – қарындаш немесе қалам. Басқа жағдайларда, ол өз шығармаларын жасау үшін кешенді құралдарды пайдаланады: баспа станогы, литографиялық тастар, линолеум немесе ағаш және тағы басқалар. Графиканың көп ғасырлық тарихы бар. Батыс Еуропаның Леонардо да Винчи, Микеланджело, Рембрандт, орыс халқының Орест Кипренский, Карл Брюллов, Василий Перов, Илья Репин сынды суретшілері өздерінің графикалық туындылары арқылы әлемдік бейнелеу өнері қорын байытты. Қазақстандағы графикалық суреттердің ежелгі (палеолит дәуірі) үлгілеріне Балқаш, Түркістан, Маңғыстау, т.б. жерлерде жартастарға салынған суреттер жатады. Қазіргі заманғы қазақ бейнелеу өнеріндегі графика 1930 – 50 жылдары аралығында қалыптасты. Графикалық өнер мен көркемөнерді дамыту, өнер және дизайн сабақтары әлемнің ерекше көркемдік және эстетикалық қабылдауын қалыптастыруға ықпал етіп, әрбір адам үшін әлемнің бірегей моделін құруға мүмкіндік береді. Оның қалыптасу кезінде оның рөлі адамның айналасындағы шындықпен қарым-қатынас жүйесін құруда әлеуметтік маңызы бар болып келеді. Және ол қаншалықты ауқымды, көп өлшемді және икемді болатындығына адамның, азаматтың, мемлекеттің бүгінгі мен болашағы тәуелді болады. Қорытындылай келе, Орталық Қазақстанның мәдениетіндегі графикалық өнер мен көркемдік білімнің дамуына сұраныс пен келешегі, көрнекі графикалық мәдениетті қалыптастырудың және заманауи маманның шығармашылық қасиеттерінің маңыздылығын атап өту керек.

### Әдебиеттер:

1. Е.В. Миронова, «Искусствоведение», 2015, 335.
2. Л.Н. Солодовиченко, Журнал «Вестник КарГУ», 2011, 1.
3. Дж. Бернал, Зарубежная литература, 1956, 280
4. Э.Б. Тэйлор, 1993, 37

## ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСЫ ТАҚЫРЫБЫНА БАЙЛАНЫСТЫ ТЕЗИС: ВЕБ-ДИЗАЙНДАҒЫ ЭСТЕТИКАНЫҢ РӨЛІ

**Арын Е.Ж.**

*Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ  
журналистика факультеті  
Ғылыми жетекшісі: Қуантаев Н.К.,  
доцент м.а., философ.ғ.к.*

Бұқаралық ақпарат құралдары ақпаратты іздеу мақсатында веб-сайттарды көбірек қарастыратын болды. Сонымен қатар, біз визуалды таңбалар күнделікті қарапайым өмірде маңызды рөл атқаратын кезеңді өмір сүріп жатырмыз. Осы контекстегі «эстетика» термині өз ішінде визуалды, дыбыстық және интерактивті әсер ету құралдарын қамтиды. Визуалдық байланыс – бұл шынайылық; терілген мәтін, таңдалған түс және сайтқа келушіге бір нәрсе айтатын кез-келген көрнекі өрнек (иллюстрация) – осының барлығы да экранда көрсетіледі. Веб-дизайнер ешқашан графикалық дизайн элементтерінің эффектін айналып өте алмайды. Олар әр веб-сайтта бар. Веб-сайтта визуалды эффектілер оны әдейі жоспарланған болсын, немесе керісінше ешқандай алдын ала жұмыс жасалмаған болсын, әрқашан визуалды байланыс бар болады.

Тоқсаныншы жылдардың басынан бастап веб-сайттар кеңінен тарала басталды, осы кезден-ақ функционалдылық пен эстетика арасындағы байланыс қызу талқылауға айналды. Интернеттің функционалдығы мен қолайлылығын жақтаушылардың бірі Якоб Нильсен болып табылады, ол бағдарламалық жасақтаманы және адам мен компьютер әрекеттестігі салаларына үлкен үлес қосты. Нильсен өзінің «Разработка юзабилити» кітабында (1993) модернист-сәулетші Миис ван дер Рохтан алынған «Аз нәрсе – көп» ұранын енгізді. Бірақ веб-дизайндағы эстетиканың рөлі 90-шы жылдардың бірінші жартысында барған сайын қарама-қайшылыққа айналған сайын, эстетика мен функционалдылық арасындағы байланыс туралы түрлі пікірлер айтылды.

Эстетикалық эффект сайттың жанрына сай бейімделген болуы керек. Мысалы, ойын-сауық сайты эстетикалық әсердің жеткілікті мөлшерін ұсынады, ал ақпаратты іздейтін веб-сайт қажетті ақпаратты мүмкіндігінше тиімді қамтамасыз етуі керек. Эстетикалық эффектілерді мақсатты аудиторияға бейімдеу керек. Жас аудиторияға арналған презентация алаңы визуалды эстетиканың заманауи бағыттарына сәйкес жасалуы керек және ересектерге арналған презентация алаңынан өзгеше болуы керек. Сондықтан веб-дизайнер осы 4 бағытқа – хабарлама кескіні, функционалдылық, жанр және мақсатты аудитория – сәйкес эстетикалық аспектілері құрылған веб-сайттар әлдеқайда сәтті шыққан болып саналады.

### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Арнхейм Р. Искусство и визуальное восприятие // Психология творческого глаза. Калифорния: Университет Калифорнийской Прессы, 1974
2. Клонинджер С. Свежие стили для веб-дизайнеров. // Индианаполис: новые всадники, 2002
3. Энгхольм И. Всемирная история дизайна – веб-сайт [www.dvviklingen.i.et.genrego.stilteoretisk.perspektiv](http://www.dvviklingen.i.et.genrego.stilteoretisk.perspektiv), 2003
4. Флеминг Дж. Веб-навигация. Проектирование пользовательского опыта. // Севастополь, Калифорния: O'Reilly & Associates, 1998
5. Якобсен П.Э., Якобсен Л.Б. Trend Sociologi. // Хернинг: Пей группенс Форлаг. (2-е изд.), 2003
6. Кресс Г., ван Леувен Т. Грамматика визуального дизайна, 1996
7. Молич Р. Brugervenligt веб-дизайн. Копенгаген: Nyt Teknisk Forlag, 2000
8. Нильсен Я. Проектирование юзабилити в сети. // Индианаполис. Новые райдеры, 1999
9. Зигель Д. Создание сайтов убийц. // Индианаполис: Хайден Букс (2-е изд.), 1996
10. Вейлгард Х. Потребление в дизайнерском сообществе. Копенгаген: Børsens Forlag, 2004

## ОРГАНИЗАЦИЯ САЙТА БЮРО ГРАФИЧЕСКОГО И РЕКЛАМНОГО ДИЗАЙНА

**Ауанова А.А.**

*Факультет журналистики  
КазНУ им.аль-Фараби*

*Руководитель: Асылханов Е. С., профессор искусств (ВАК)*

Сам факт существования и развития такого IT-объекта, как интернет-сайт, открылся миру в 1991 году. Дорога его к эпохе расцвета была нелегкой и тернистой. Были пики, были и падения. На первом таком сайте полностью отсутствовали картинки, был размещен только текстовый контент. Но это в итоге ознаменовало всемирное торжество IT-индустрии в обозримом будущем.

Если вспомнить сейчас те сверкающие GIF-картинки, которые «ваяли» пионеры веб-дизайна, от расцветки которых рябило в глазах, да и фоны веб-страниц тоже от них не отставали, были такие же «вырвиглазные», то сейчас нас очень радует то, что мы видим в творениях опытных специалистов-дизайнеров.

Но и в тот период принес нам порядочное количество значительных изобретений в сфере веб-дизайна, которые очень помогают в работе профессионалам, и мы за них благодарим наших коллег, стоявших у истоков развития данного направления.

Чтобы эффективно анализировать процесс развития, мы оценим, как поменялся веб-дизайн за прошедшие 20 лет, положительную и регрессивную динамику.

В девяностых высокоскоростного Интернета не было в принципе. Были только модемы как точки доступа. По этой причине при построении сайтов специалисты подстраивались под низкую скорость. На веб-страницах ставили исключительно текст, ни о каком веб-дизайне речи не шло. Через некоторое время в верстке HTML уже можно было использовать дизайн, но, так сказать, в зачатке. В основном это касалось опять же оформления текстового контента (дизайн, форма и цвет заголовков, расположение абзацев и прочее).

Графическое оформление – сложные картинки с применением нескольких цветов и все тому подобное – это все еще только предстояло изобрести. Это произошло довольно скоро по меркам развития всей мировой истории, но это было в тот момент только будущее.

Первые сайты, вмещавшие в себя только текст и адаптированные под медленное соединение, сохранили нам с того периода один ключевой принцип. Эти сайты делались очень несложными, чтобы как можно быстрее загружались. Тогда же были открыты многие лайфхаки по оптимизации нагрузки на сеть. Правда, сейчас их мало применяют, так как скорость выросла, но мы считаем это неправильным. Призываем специалистов более ответственно относиться к оптимизации создаваемых ими сайтов.

Современные достижения IT-сферы делают возможным легко загружать даже громоздкие мультимедиа, но однако некоторые сложности существуют и необходимо заранее стараться их предусмотреть и нивелировать.

Излишнее тяжелая и замудренная графика может иметь как следствие большое количество отказов (Bounce Rate), из-за того, что сайты грузятся долго и капризный современный клиент устает ждать.

Необходимо помнить, что чем быстрее загружается сайт, тем выше его качество, конверсия и коммерческий успех. Самые успешные сайты, по нашим выводам, именно такие.

### Список литературы:

- Рошель Дж. Тенденции веб-дизайна 2015 г. // Webdesignledger – 2015.  
Рейнбоу В. Компьютерная графика // Энциклопедия. Самоучитель. СПб.: Питер – 2010.  
Шикин Е.В., Бересков А.В., Компьютерная графика // Полигональные модули. – М.: Диалог – МИФИ, 2011.  
Рожкова А. Фонд общественного мнения. // Интернет в России: динамика проникновения. – весна, 2015  
Электронные ресурсы  
<http://www.google.com/design/spec/material-design/introduction.html>  
<http://tech.onliner.by/2015/09/01/google-logo>  
1. <http://webdesignledger.com/web-design-trends>  
2. <http://fom.ru/SMI-i-internet/12275>



## ЕРТЕГІ КІТАПТАРЫНЫҢ ДИЗАЙНЫ

**Әбігәлі М.**

*Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ*

*журналистика факультеті*

*Ғылыми жетекші: PhD доктор, Саудбаев М.Х.*

**Ғылыми жұмыстың өзектілігі:** Жас ұрпақты адамгершілік-танымдық және рухани тәрбиелеуде ертегі кітаптарының маңызы зор. Ертегі кітаптары арқылы қоршаған ортаны тани отырып, табиғаттың сиқырлы күштерін сезіне біледі. Ертегі кітаптары халықтың әдемілік пен әдептілік тәрбиелерін жас ұрпақтың бойына сіңіруде үлкен рөл атқарады. Ұлттық салт-дәстүрді, әдет-ғұрыпты, бүкіл қазақ тарихын ертегі арқылы жас сананың қабылдауына жеңіл әрі қызықты етіп көркемдеп жеткізуде дизайн өнерінің үлесі өте зор. Ертегі кітаптарының мазмұны мен мұқабасының көркемделуі, сонымен қатар түстер үйлесімділігі де жас сананың қызығушылығын тудырады. Зерттеу жұмысында ертегі кітаптарының дизайнның ерекшеліктерін зерттеу, саралау өзекті болып табылады.

**Ғылыми жұмыстың мақсаты:**

Ертегі кітаптарының дизайнын зерттеуде мынандай мақсаттар қойылады:

Ертегі кітаптарының табиғатын айқындау, ертегі кітаптарындағы мәтін мен суреттің байланысуын бақылау, ертегі кітаптарына деген жас сананың қызығушылығын арттыру, ертегі кітаптарының дизайнының өзіндік ерекшелігін айқындау.

**Ғылыми жұмыстың міндеттері:**

- ертегі кітаптарындағы мәтін мен суреттің байланысуын бақылау;
- ертегі кітаптарының безендірілуінің ерекшеліктерін анықтау;
- ертегі кітаптарындағы түс үйлесімділігін анықтау;
- ертегі кітаптарының отандық суреттерінің эволюциясын бақылау.

**Ғылыми жұмыстың зерттелуі:** Теориялық-практикалық тұрғыда балаларға арналған кітаптардың көркемделу мәселелері Б.Е Галанов, Э.З Ганкина, Ю.Я Герчук жұмыстарында қарастырылды.

Ертегі кітаптарының дизайнының ерекшеліктері туралы С.Т Антонова, А.А Сидоров, Н. Шульгина еңбектерінде сараланды.

Балалар көркем кітабындағы суреттердің тәрбиелік құндылықтарын ғылыми түрде зерттеу С.Г. Антоновтың, Ю.Я Герчуктың, М.А Чегодаевтың жұмыстарынан көрінеді.

**Әдебиеттер тізімі:**

1. Ю.В Чарская-Бойко, М.В Иванкина, «Иллюстрации в детской литературе: опыт интермедиального анализа», 2014, 232.
2. К.В Макарова «Особенности детской книжной иллюстрации и ее отличия от взрослой», 2010, 140.
3. М.А Александрова, «Специфика иллюстрирования детской художественной книги в контексте ее интеграции с детской литературой и педагогикой детского чтения», 2010,

## ЖАРНАМА ИДЕЯСЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ВИЗУАЛИЗАЦИЯСЫ: МӘНІ МЕН ТҮСІНГІ

**Батырханов А.**

*Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ*

*журналистика факультеті*

*Ғылыми жетекші: п.ғ.д., профессор Жеделов Қ.О.*

Нарықтық бәсекелестік жағдайлар жарнаманың әртүрлі әдістерін қолдануға, түпнұсқа жарнамалық идеялардың пайда болуына және осы саладағы зерттеулердің дамуына түрткі болады. Жарнамалық идея – мақсатты аудиторияға ұсынған негізгі идея, жарнама хабарламасының мазмұны.

Жарнамалық идея жарнамалық науқанның ақпараттық және бейнелік компоненттеріндегі шығармашылық жұмыстың нәтижесін білдіреді және оның тұжырымдамасына сәйкес келуі керек. Жарнамалық идеяны және нақты жарнамалық хабарларды әзірлеу кезінде жарнамалық зерттеулер бойынша мамандардың, копирайтерлер мен визуализаторлардың шығармашылық өзара әрекеті қажет. Бірінші кезеңдегі олардың жұмысының нәтижесі концептуалды идеялар да, сөздермен де, бейнелермен де бейнеленген идеялар болуы мүмкін. Идеяны мақұлдағаннан кейін оны әрі қарай дамыту және копирайтерлер мен визуализаторлар жүзеге асыра бастайды. Егер идея алдымен сөз тіркесі түрінде пайда болса, келесі қадам оның бейнелі шешімі, визуализация болады. Егер идея сурет түрінде болса, оны жарнамалық ұранмен және қажет болған жағдайда жарнамалық мәтінмен толықтыру қажет. Бұл жағдайда жарнамалық мәтін мен визуалды кескіннің тікелей қайталанбауы керек екенін ескеріңіз, өйткені бұл оның әсерін төмендетуі мүмкін. Сондықтан ұсыныс – мәтін мен визуалды кескін бір-бірін толықтыруы және өзара нығайтуы керек. Жарнамалық идеяны әзірлеу кезінде ұлттық, аймақтық, мәдени (субмәдени) ерекшеліктерді ескеру өте маңызды. Биссоциация, метафоралар, әзілдер орыс менталитеті үшін органикалық болып табылады (осыны растау үшін көптеген мақал-мәтелдерді еске түсіруге болады). Сондықтан кейбір жарнамалық ұрандар мен мәтіндердегі «түсініксіздікті» тиімді пайдалану. Жарнамалық идеяны дамыту үшін «миға шабуыл» әдістері, морфологиялық талдау, байланыстардың мәжбүрлі қалыптасуы, сонымен қатар шығармашылық өнімділікті ынталандыруға арналған кейбір «деструктивті» әдістер және басқа әдістер қолданылуы мүмкін.

### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Андреева А. Реклама дизайнерских фэшн-брендов // Рекламные идеи. – 2006
2. Большов И. Визуальная идентичность как инструмент конкурентной борьбы в условиях новой экономики // Рекламные технологии. – 2008.
3. Волкова В. В. Дизайн рекламы: учеб. пособие / В. В. Волкова. – М.: Ростов н/Д: Ун-т; Феникс, 1999.

## ОТАНДЫҚ ТЕЛЕДИЗАЙН: ҚАЛЫПТАСУЫ ЖӘНЕ ДАМУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

**Кульджашбаева Ж.К.**

*Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ*

*журналистика факультеті,*

*Ғылыми жетекшісі: п.ғ.д., профессор Жеделов Қ.О.*

XXI ғасыр – жоғары технологиялар дәуірі. 2017 жыл Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Қазақстанның Үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік атты Қазақстан халқына Жолдауы аясында «Цифрлы Қазақстан» бағдарламасын жүзеге асыру керектігін айтты. Елімізде телевизияның сандық технологияға өту мәселесі белсенді түрде жолға қойылды. Телевизия ең әсерлі, беделді бұқаралақ ақпарат құралына айналды. Осы мәселеде теледизайн қаншалықты дамыды, қандай деңгейге жете алды?

Отандық теледизайн қалыптасуы мен даму жолындағы үлкен қажырлы еңбек ең алғаш суретшілер салған плакаттар, жазбалар арқылы жүзеге асса, бүгінде сандық жүйенің бүкіл мүмкіндігі пайдаланылып отыр. Осы тарихи сәттерден еңбек сіңіріп, Ұлттық Телевизияның дамуына үлес қосқан дизайнерлер қауымы тв саласы үшін жасалған барлық компьютерлік бағдарламаларды пайдаланып, үлкен еңбектер атқарды. Осы 60 жыл аралығындағы теледизайнерлер атқарған еңбектерді зерттеп, зерделеу біздер үшін өзекті. Теледизайнның тарихын түсіну арқылы біз олар атқарған еңбек нәтижесін, даму аралығын түйсіне аламыз. Жалпы бұл «теледизайн» саласы өз елімізде көп зерттелмеген тың тақырып болып отыр. Өйткені, кітаптар жоқтың қасы. Осы мақсатта теледизайнды толыққанды түсінікті етіп, отандық дизайнерлер атқарып жатқан еңбектің құндылығын оқырманға дәйекпен жеткізу.

### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. К. Қабылғазина. «Қазақ телевизиясының тарихы» 2018ж.
2. М.Барманқұлов. Телевизия: Бизнес әлде Билік? 2007 ж

## СӘНДІК-ҚОЛДАНБАЛЫ ӨНЕРДЕГІ СЕМИОТИКАНЫҢ ҰЛТТЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

**Қырғызбай Ұ.Қ.**

*Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ  
журналистика факультеті*

*Ғылыми жетекші: п.ғ.д., доцент, профессор м.а. Жеделов Қ.О.*

«Сәндік-қолданбалы өнер» ұғымы бұған дейін халықтың қарапайым түсінігінде, «қолөнер» ұғымының аясында қабылданып, пайдаланып келді.

«Сәндік-қолданбалы өнер» қолөнердің өңделіп жетілген формасы, екеуін бір-бірінен бөліп қарауға болмайды, яғни керісінше бірін-бірі толықтыра байланыстыра түседі. Осы ұғымдарға берілген ғылыми еңбектерде сәндік-қолданбалы өнердегі семиотиканың ұлттық ерекшеліктеріне тоқталсақ. Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнерінің бұл түрлерінің өзіне тән мазмұны, ерекшеліктері бар. Сонымен семиотика деген терминге тоқтала кетсек. Семиотика (гр. semeion – белгі) таңбалық белгілер жүйесі туралы ғылым. Семиотика-символданған таңбаларды зерттейтін ғылым түрі. Ал таңба деп белгілі бір ақпарат беретін белгіні айтамыз. Қазақ символикасының ұлттық ерекшеліктерін зерттейтін семиотика ғылымы. XX ғасырдың басында семиотика таңбалар туралы ғылым ретінде пайда болды. Сәндік-қолданбалы өнердегі семиотиканың ұлттық ерекшеліктерін жас ізденушілермен студенттерге ұлттық өнер таңбаларының мән-мағынасын оқытып үйрету. Ұлттық бейнелеу өнердегі семиотикалық тәсілін қолдану қазіргі дизайн өнерде жарнама саласында ұлттық әлеуметтік ерекшеліктер ескеріліп, этнотаңбалық кешенді сауатты қолданудың маңызы зор.

Көркем білім беруде ұлттық өнердің семиотикасын, таңбалар мен дүниетанымдық үлгілеу үрдістерін оқып үйренуге арналған пәндер жоқтың қасы. Жас ізденушілердің назарына, таңбалық образдық және материалдық үлгілер болмысты тану арқылы келешек ұрпаққа насихаттау.

Тақырыпқа байланысты жаңа бағыттағы таңба тәсілдердің дизайндағы ерекшеліктерін, тәсілдерінің сұранысын пайдасын білу. Дизайн саласында болашақта іске асатын пайдаланатын қазақ тіліндегі «семиотиканың ұлттық ерекшеліктерін» сапалы ғылыми еңбекте жазу. Қазақтың сәндік-қолданбалы өнердегі семиотиканың ұлттық ерекшеліктерінің мағынасын түсіндіру ашу зерттеу, қарастыру.

### Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Шоқпарұлы Д, Дәркембайұлы Д, Қазақтың қолданбалы өнері – Алматы: Алматы кітап, 2007– 126
2. Масанов Э.А. Казахское войлочное производство во 2-ой половине XIX-XX вв. Труды ИИАЭ АН Каз. ССР Т.б. -Алма-Ата, 1959.-С. 104-127
3. Қазақ мәдениеті. Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: Аруна Лтд. ЖШС, 2005.-101 б.

## ШЫҒЫС ЕЛДЕРІ ОЮ-ӨРНЕКТЕРІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Қалиева Ғ.Ш.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ  
журналистика факультеті

Ғылыми жетекші: п.ғ.д., доцент, профессор м.а. Жеделов Қ.О.

**Түйіндеме.** Тезисте біз шығыс өнерінің бір қыры болып саналатын шығыс ою-өрнегін қарастырамыз. Шығыс өнерінің барлығы дерлік ою-өрнектерден тұрады. Исламда тірі жанды бейнелеуге тыйым салынған, сондықтан шығыс елдерінің ою-өрнектері көбінесе өсімдік тектес, геометриялық және т.б. болып келеді. Шығыс ою-өрнектеріндегі түрлі-түстер, пішіндер мен өрнекті құрайтын белгілердің өзіндік терең мазмұны бар.

**Түйін сөздер:** шығыс ою-өрнегі, бута, арабеско, гирих, ислими, меандр, дамаск.

Шығыс мәдениеті – кемел шыңына жеткен аса бай құндылықтарға толы тылсым әлем. Замана парақтары ашылған сайын оның қайталанбас өрнектері мен айшықтары өзінің жұмбаққа толы сырларымен адамзат назарын баурап алатын қасиеттеріннен арылмақ емес [1]. Шығыс ою-өрнегінің екі негізгі түрі бар (мұсылман әлемінде): гирих және ислими.

*Гирих* (парсыша گره, «түйін») – әртүрлі геометриялық фигуралардағы сызықтармен салынған күрделі геометриялық үлгіні (жұлдыздар, тіктөртбұрыштар, ромбтар және т.б.) білдіреді. Әдетте гирих стиліндегі өрнектер ғимараттарды, мешіттерді безендіру үшін қолданылады. Алғашқы гирих өрнектері ою-өрнекті дұрыс торға көшіру арқылы жасалды. Үлгі компас пен сызғыштың көмегімен жасалған. Қазіргі заманғы суретшілер қағаз парағында ойықтар жасаудың дәстүрлі тәсілдерін жасау үшін бөлгіштерді (центрлік компасты) пайдаланады, содан кейін оны сынғыш етіп күнде қалдырады. Түзу сызықтар қарындашпен және белгісіз сызғышпен сызылған [2].

*Ислими* – бұл орамалық бағаналы және спиральды біріктіретін өрнек стилі. Ислими шынайы немесе стильдендірілген түрдегі әр түрлі үлгілерге ие. Шығыс үлгісінің бұл түрі кітаптарды, киімдерді, ыдыс-аяқтарды және басқа да тауарларды безендіру үшін қолданылады.

Шығыс елдері ою-өрнектерінің тағы да бір ерекшеліктеріне тоқтала кетсек.

*Бута* – бұл Әзірбайжан ұлттық ою-өрнегіне тән бөлшек. Бұл нақыш Әзірбайжанның ұлттық ою-өрнегіндегі ең көне өрнек болып саналады [3]. Бутаның көптеген түрлері бар, олардың кейбіреулері символдық мағынаға ие және олар кілем оюының ажырамас бөлігі болып саналады. Бута өрнектері әзірбайжан кілемдерінің бірнеше түрлерінде кездеседі, олардың ішінде «Хила-бута», «Ширван-бута», «Шабыт бута» сияқты кілемдерді атап өтуге болады [4]. Бута бадам тәрізді өрнек, жоғарғы ұшы қисық. Бұл өрнек Таяу Шығыста және Еуропада танымал. Бутаның мотивтері бар өрнектер мен сызбалар кілем, калағай және мата суреттерінде, сәндік-қолданбалы өнер туындыларының суреттерінде, сонымен қатар сәулет құрылымдарын безендіруде кездеседі.

*Арабеско* (итал.: *Arabesco* – араб) – гүл мен геометриялық нақыштарды біріктіретін ортағасырлық араб ою-өрнегі. Арабеск әсіресе Қайта өрлеу дәуірінде кең таралды. Ою-өрнектің бұл түрі, ең алдымен, өте жоғары эстетикалық қасиеттерімен және композициялардың жеткілікті күрделілігімен ерекшеленеді. Декор өрнектің бір немесе бірнеше элементтерінің қатаң математикалық есептеулеріне негізделген қайталанулардың көмегімен орындалады. Бұл жағдайда бір фрагмент көбінесе екінші бөлікке сәйкес келеді. Мұндай композициялық шешім фонды қолдану мүмкіндігін іс жүзінде жояды. Бірдей сәтте арабескаларды тегіс және дөңес беттерге қолдануға болады. Кейбір Еуропа елдерінің өнер тарихшылары арабескеге таза гүлді ою-өрнектің тар мағынасын береді. Арабеск – бұл ою-өрнектің ең қызықты түрлерінің бірі. Қазіргі уақытта бұл өрнекті декор ретінде қолданады. Мұндай өрнектермен ыдыс-аяқтарды, киімдерді, интерьерлерді және т.б. безендіреді.

*Меандр* – бұл дұрыс бұрыштарда бүгілген үздіксіз сызықтан пайда болатын өрнек. Бұл неолит дәуірінен бері белгілі. Қазіргі кезде меандр көбінесе классикалық интерьерлерде жиек элементі түрінде және кілемнің жиектерінде кездеседі.

*Дамаск* – бұл тік жолақтарда орналасқан жапырақтардың нәзіктіктерімен қоршалған жалпақ гүл түріндегі күрделі гүлді өрнек. Бұл үлгі Сирияның астанасы Дамаскіде, орта ғасырларда пайда болды деп саналады, нәтижесінде бүкіл әлемге таралды. Қазіргі уақытта Дамаскты дәстүрлі классикалық интерьерлерден де, керемет қонақ бөлмелері мен жатын бөлмелерінен, заманауи жиһаздардан табуға болады [5]. Бұл өрнек керамикалық плиткаларды безендіруде сирек кездеседі.

Кез келген ою-өрнек дәйекті қайталанатын жеке элементтердің немесе олардың топтарының жиынтығын білдіреді. Ою тек қолданылатын жазықтықты безендіріп қана қоймайды, ол композицияға

толық ырғақтық бере отырып, белгілі бір ырғақты орнатады. Ою-өрнектердің шығармашылық үлгілері әлі де белгілі бір дәрежеде жұмбақ болып табылады деп айтуға болады.

**Қолданылған әдебиеттер:**

1. <https://qamshy.kz/article/8920-shyghys-madenietinin-mayegi-bolghan>
2. Эрик Бруг в книге «Islamic Geometric Patterns» (Исламские геометрические узоры) иллюстрирует много таких узоров, и в приложении даёт детальную инструкцию по их построению с помощью циркуля и линейки (Broug 2008)
3. Гулиев Г.А. Об азербайджанской набойке. – Советская этнография: Издательство Академии наук, 1964. – № 2. – С. 134.
4. Ляtif Керимов. Азербайджанский ковёр. Том III. Б.: «Гянджлик», 1983.
5. <http://www.diy.ru/post/6597/>

## ОРАУ-ТЫСТАУ-ҚАПТАУ ЗАТТАРЫНЫҢ ЗАМАНАУИ ГРАФИКАЛЫҚ ДИЗАЙНЫ

**Қалиева А.Ш.**

*Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ  
журналистика факультеті*

*Ғылыми жетекшісі: п.ғ.д., доцент, профессор м.а. Жеделов Қ.О.*

**Түйіндеме.** Орау-тыстау-қаптау жоғары сапада жасалса, сіз нәтижесінде өнімге ғашық боласыз. Біздің өмірімізді әлдеқайда оңай жасаған өнімдердің қаптамасында түрлі инновациялардың алуан түрлері бар. Көптеген тауарлар үшін қаптама – бұл бренд. Сонымен қатар, ол сатып алушыға қажетті шешімге итермелеу үшін әсер етуі мүмкін соңғы дәлел болып табылады.

**Түйін сөздер:** *дизайн, графикалық дизайн, орау-тыстау-қаптау, инновация.*

Қазіргі уақытта орау-тыстау-қаптау адам өміріне қажетті құралдардың бірі және ол күн сайын дамып келеді. Дүкен сөресінде тұрған тауарға тұтынушының назары тек тауардың сапасына ғана емес, сондай-ақ сыртқы орауы-тыстауы-қаптауына мән берілуі тиіс.

Зерттеудің өзектілігі бүгінгі күні қаптаманы тұтыну графикалық дизайнның ең көрнекті салаларының бірі болып табылады. Қаптамаларды жасау барысында, дизайнер қоғам, нарық және өндіріс ұсынатын эстетикалық және технологиялық талаптардағы өзгерістерді үнемі қадағалап отыру қажет. Сонымен қатар, ол жасалған ораудың жеке даралығын беруге, оның ішінде жасалған тауардың ерекшелігін білдіруге тырысады. Осылайша, қаптаманы жобалай отырып, дизайнер жасалатын графикалық дизайнның мәдени бірегейлігі, оның ұлттық және тарихи тамырларға сәйкестігі мәселелерін шешуге тартылған. Сонымен қатар дизайнерлер өздері жобалаған қаптамамен жасалған кәдеге жарату-тұрмыстық жағдайды қалыптастырып қана қоймай, қоғамның ағымдағы мәдени жағдайына да әсер етеді.

Зерттеудің мақсаты - бәсекелестік нарықта сапалы тауар өндіру жеткіліксіз болғандықтан, дәл осы мақсатта орамның түпнұсқалық дизайнын жасау қажет. Қаптама дизайны тұтынушыны өзіне назар аударту және дизайн арқылы тұтынушыны тауар туралы хабардар ету мен қатар қаптама жасау барысында қолданылған материалдар өнімнің сақталуына септігін тигізуі қажет, яғни, эко-қаптамаларды қолдану керек. Креативті графикалық дизайн қажетті эмоцияларды тудырып, сатып алу ниетін тудыруы қажет.

Тұтынушылар ең бірінші қаптаманың сыртқы пішініне назар аударады. Қаптамада графикалық түстік үйлесімділік пен қатар тауардың сақталу мерзімі, құрамы, грамы, өнімнің атауы, шыққан уақытымен шыққан жері және т.б. графикалық түстік үйлесімділік пен безендіріледі.

Тұтынушының да, дизайн саласындағы маманның да жеке тәжірибесіне негізделі отырып, қаптаманың сыртқы түрінің үш маңызды элементі анықталды:

1. Қаптаманың түсі – тұтынушы назарын бірден аударатын және оның аналогтары арасында тауарды бөліп алатын ең маңызды элемент – алғашқы байланыс.

2. Қаптамадағы мәтіннің қаріпі – түсінен кейін адам көзін қабылдауға арналған, тауар туралы негізгі ақпаратты бөліп беретін және берілетін маңызды элемент - екінші байланыс.

3. Орау нысаны – өнімнің міндетті элементі, тауармен қарым-қатынас және оның имиджін құру.

Қаптаманың дамуы бүкіл әлемде қосылған құрылғылардың иелері санының өсуіне, заттардың интернетті дамытуға қызығушылықтың артуына және қаптаманы онлайн-әлеммен байланыстыра алатын технологиялардың дамуына байланысты қарқынды дамып келеді. Қаптама индустриясы әлемдік экономикадағы маңызды орындардың біріне ие.

Инновация термині латын тілінен алынған, ол – „жаңару, өзгеру“ дегенді білдіреді. Бұл түсінік XIX ғасырдағы зерттеулерде пайда болып, белгілі бір мәдениеттің кейбір элементтердің бірінен екіншісіне енгізу дегенді білдірді. XX ғасырдың 30-жылдарында Еуропада ғылымның жаңа саласы, жаңашылдық ғылымы пайда болып, ал 50 жылдары педагогикалық инноватика қалыптасты. КСРО-да бұл термин XX ғасырдың 70 жылдарынан бастап қолданыла бастады. Қазіргі уақытта әлемдік қағаз өндірісінде көшбастап тұрған АҚШ-та жыл сайынғы қағаз тұтынуы 317,5 кг-нан астам құрайды және 5000 қағаз өңдейтін кәсіпорындар жұмыс жасайды. Сонымен қатар, Ораудың неғұрлым дамыған және неғұрлым табысты нарықтарына АҚШ, Жапония және Қытай нарығын жатқызуға болады. Көшбасшы елдердің бестігіне Германия мен Франция сияқты елдер кіреді. Ұлыбритания, Италия, Ресей, Канада, Испания, Бразилия, Үндістан, Түркия, Солтүстік Корея және Индонезия да осы салада табысты дамып келеді.

Қорытындылай келе, қаптаманы жобалай отырып, дизайнер жасалатын графикалық дизайнның мәдени бірегейлігі, оның ұлттық және тарихи тамырларға сәйкестігі мәселелерін шешуге тартылған.

Заманауи қаптама түрлерінің көптігі мен әртүрлілігі дәстүрлердің қазіргі дизайнға әсер ету дәрежесі және әртүрлі тұтыну мәдениетін қалыптастырудағы жобалық және мәдени-тарихи тәсілдердің арақатынасы туралы ойлануға мәжбүрлейді.

**Пайданылған әдебиеттер тізімі:**

1. Дж. Ф. Ханлон, Р. Дж. Келси, Х.Е. Форсинио. Упаковка и тара. Проектирование, технологии, применение. СПб.: Издательства профессия, 2004. – 42.
2. ГОСТ Р ИСО 14021-2000. Этикетки и декларации экологические. Самодекларируемые экологические заявления (экологическая маркировка по типу II).



## КІТАП МҰҚАБАСЫН БЕЗЕНДІРУ МЕН ҚҰРЫЛЫМЫН ҮЙЛЕСТІРУДІҢ ҰЛТТЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

**Молдашева Ұ.Ж.**

*Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ  
журналистика факультеті  
Дизайн мамандығының 1-курс магистранты  
Жетекшісі п.ғ.к., доцент Медеубек С.М.*

**Түйіндеме.** Тезисте кітап мұқабасы дизайнының ұлттық ерекшеліктерін анықтау; Кітап мұқабасын ішкі мазмұн мен үйлестіре безендіру түрлері мен өзіндік ерекшеліктері және безендік элементтерді қолдану амалдары қарастырылады.

**Кілт сөздер:** *дизайн, кітап, фон, иллюстрация, концовка, титул, колонтитул, мұқаба, супермұқаба.*

«Кітап» сөзі араб тілінен аударғанда «*жазба*» деген мағынаны білдіреді. Кітап – мерзімсіз баспасөз басылымы; Ол – көркем-әдеби, қоғамдық-саяси, ғылыми-практикалық мазмұндағы туындылар жинақталып, беттеліп, түптеліп, безендіріліп, баспаханадан шығарылған өнім.

Кітаптың алғашқы түрлері ежелгі Шығыс елдерінде, Грекияда, Римде қыш текшелеріне, тақта тастарға сына жазуымен жазылды. Біздің заманымыздан бұрынғы 25-ғасырда Мысырда қыш текшелердің орнына қамыс (папирус) қолданылды. Біздің заманымыздан бұрынғы 7-ғасырда қамысқа жазу жазу ісі Грекия мен Римде кең өріс алды. Осыған байланысты кітапты көшіріп жазуға машықтанған көшірушілер мен қолжазбаны көркемдеуші суретшілер пайда болды [1].

Кітапты көркем безендіру, оған ерекше өң беру – аса жауапты әрі маңызды өнер. Кітап мұқабасын үйлестіру дегеніміз – әр мәтінге, оның маңызына, мәніне, сипатына, көлеміне, жанрына лайық, ашық, әсерлі көрінетіндей бояулар үйлесімін, суреттер байланысын тауып, әріп таңдай білу. Кітап дизайнын жасаудың және мұқабасын безендірудің әртүрлі тәсілдері бар. Кітаптың безендірілуіне: мәтіндік гарнитуралар, кегльдер және бейнесуреттік жақтаулар, сызықтар, арнайы колонтитул мен колонцифрлар, сілтеме, иллюстрация, өрнектелген әріп, өңірбет, супермұқаба, концовка және т.б. элементтер жатады.

Ұлттық өнерге қатысты кітапшалар оқырман қолына түскенде өте ыңғайлы, жоғары сапалы, өлшемдері мен көрсеткіштері адамның жас ерекшелігіне ықшамдалып жасалуы тиіс. Соңғы жылдары дизайнерлер кітаптың безендірілуіне, кітаптың мазмұнына сай емес суреттерді байланыстырып мағынаға ие болмайтын сәндік элементтерді енгізуге тырысады. Қандай мұқаба болсын ол алдымен кітаптың мазмұнына, мағынасына қарай көркемделуі тиіс. Әсем безендірілген кітап оқырманын шақырып тұрса, талғамсыз көркемделген басылым оқырманды өзіне тартпайды. Сапалы да көркем, әдемі де әсерлі кітаптар оқырман сұранысына әсер ететінін естен шығармауымыз керек.

### Пайданылған әдебиет

1. Қазақстан Республикасының Ғылым Энциклопедиясы.

## XX ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДА ФОТОСУРЕТ МЕКТЕПТЕРІНІҢ ТӘЖІРИБЕСІНДЕГІ БАҒЫТТАР МЕН ҮРДІСТЕР

**Нұржан Қ.**

*Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ  
журналистика факультеті*

*Ғылыми жетекші: п.ғ.д., профессор Жеделов Қ.О.*

Фотосурет – бұл бейнелеу өнерінің салыстырмалы түрде жас түрі. Фотосуреттің тарихы небары 170 жылды құраса да, оның техникасы мен технологиясы тез дамып келеді және ғылыми-техникалық прогреске тікелей байланысты. Заманауи дизайнда фотосурет белсенді қолданысқа ие, сондықтан оның осы аспектіде көрінетін функциялары мен ерекшеліктерін зерттеу қазіргі заманғы дизайн теориясының өзекті мәселесі болып табылады. Көптеген заманауи дизайн белгілі бір дәрежеде жұмыс істейді. Цифрлық фотосурет пайда болғаннан бері дизайнерлер үшін бұл құралмен жұмыс жасау технологиясы қол жетімді болды. Қазір кез-келген студенттерде немесе кәсіби дизайнерлерде камера бар және жұмыс үшін пайдалы суреттер мұрағатын жинақтайды. Өз кезегінде фотографтар өз кәсібінде дизайн құралдарын белсенді қолданады, бұл бір жағынан осы көркем технологиялардың өзара әрекеттесуін жеңілдетеді, ал екінші жағынан бұл мәселені жүйелеуді және зерттеуді қиындатады.

Қазіргі таңда бұл проблема жеткілікті түрде қамтылмаған, дизайн бойынша теориялық зерттеулер саласында аз дамыған. Алайда, XX ғасырда фотосуреттің графикалық дизайн саласындағы орны айтарлықтай өзгеріске ұшырады, ол тәуелсіз сөйлеу сипатына ие болды. Дәл осы жағдайларда фотосуреттің тілі қазіргі дизайн теориясы шеңберіндегі зерттеу нысаны болып табылады. Сонымен, әдебиет көздері мен көрнекі материалдарды зерттеу негізінде жүргізілуі жоспарланған әрі қарай зерттеуге арналған бағыттар.

### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Михалкович В. И., Стигнеев В. Т. Поэтика фотографии. М.: Искусство
2. Панфилов Н.Д. Фотография и ее выразительные средства. М.: Искусство
3. Головня И.А. С чего начиналась фотография. М.: Знание,

## УПАКОВКА КАК КОНКУРЕНТНОЕ ПРЕИМУЩЕСТВО

**Нурхайдарова А.Е.**

*Факультет журналистики*

*КазНУ им.аль-Фараби*

*Научный руководитель: Наурызбаева А.С.*

Дизайн продукта и, в частности, его форма и «внешний вид», долгое время считались факторами, которые могут повлиять на стоимость и успех нового продукта. Дизайн продуктов вызывает как когнитивные, так и аффективные реакции в сознании наблюдателей, и это может быть использовано для разработки более привлекательного предложения продукта.

Сегодняшний конкурентный климат в продуктовых магазинах заставляет компании дифференцировать свою продукцию от других. В качестве стратегии компании предпочитают продавать свою продукцию вместе с упаковкой. Изображение продукта является основной целью при распространении рекламного сообщения для клиентов с упаковкой. Есть несколько исследований, сделанных в области упаковки, но есть ограничения в области упаковки и ее связи с конкурентоспособностью. Тем не менее, кажется, что для потребителей важно почувствовать влечение к определенному продукту, к тому, как устроена упаковка, и какие чувства она вызывает.

### **Литература:**

1. Ампуеро, О., Вила, Н. (2006). Восприятие потребителями упаковки продукта. Журнал Потребительский маркетинг. Том 23, № 2, с. 100-112.

## ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ОҚУЛЫҚ ДИЗАЙНЫ: ТАРИХЫ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ОҚУ ҚҰРАЛДАРЫН ЗАМАНАУИ БЕЗЕНДІРУ ӘДІСТЕМЕСІ

**Райбаева Р.**

*Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ  
журналистика факультеті,*

*Ғылыми жетекшісі: п.ғ.д., профессор Асылханов Е.С.*

Оқулық – адам баласының адамзат тарихындағы сауат ашуында, білім алуында, ғылыми тұрғыда дамуында ең маңызды құрал.

**Тақырыпты зерттеудің өзектілігі** XIX-XX ғасырлардан бастап басылып шыққан оқулықтарды қазіргі заманауи оқулықтар дизайнымен салыстыра отырып, баспа саласындағы дизайнерлік өнердің даму мәнімен анықталады. Жанр ретінде дизайн өнерінің ерекшеліктерін ескере отырып, заманауи оқулықтардың безендірілу техникасының ғылыми әдістемелік сапасын жақсартуды теориялық тұрғыдан негіздеу.

**Ғылыми жұмыстың мақсаты:** Оқулық басып шығару ісіндегі дизайн саласының атқаратын функциясы өте күрделі. Оқулық дизайны – мектеп жасындағы оқушының оқулықты психологиялық, тәрбиелік тұрғыда дұрыс қабылдауында басты, маңызды, аса көңіл бөлуді қажет ететін сала. Сондықтан бұл жұмыста көне оқулықтар мен заманауи оқулықтардың даму кезеңдерін зерттеу элементтері арқылы салыстырмалы талдау, мектеп жасындағы оқушының қабылдау ерекшеліктеріне сай оқулық дизайнына айтарлықтай өзгеріс енгізуге пікірлер айту, көркем безендірудің заманауи әдіс-тәсілдері мен қазіргі дүниежүзінде белең алып отырған көркемдеудің соны идеялары мен әдістерін ұсыну, оқулықтардың дизайн тұрғысынан ғылыми әдістемелік сапасын жақсартуды негіздеу болып табылады.

## ҚАЗАҚСТАНДЫҚ БАҚ-ДАҒЫ ИНФОГРАФИКА: ДАМУ КЕЗЕҢДЕРІ МЕН ТРЕНДТЕРІ

**Тургимбаев А.**

*Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ  
журналистика факультеті*

*Ғылыми жетекші: филология ғ. К, доцент Рамазан А. Ә.*

Инфографика ұғымының астарында ақпаратты көз алдымызға елестету, мәліметті сызба, суреттер арқылы жеткізу жатыр. Инфографика бастапқыда тек газет-журнал беттерінде көрініс тапты. XX–ғасырдың 80-жылдарында Еуропа мен АҚШ елдері ақпарат берудің жаңа тәсіліне көше бастады. Бұл елдерде мерзімді басылым беттерінде ақпараттар графика арқылы оқырманға жол тартты. Ал қазақстандық мерзімде басылымдарда таза инфографика арқылы ақпарат тарату 2000– жылдан кейін қолданысқа енді. Қазақ басылымдары әсіресе теориялық жұмыстарды сараптау барысында сандарды инфографика арқылы сөйлетті. Десекте сурет, графика арқылы ақпарат беруді адамзат баласы бағзы заманнан игерген. Оның тарихы тым тереңде жатыр. Мәселен еліміздің әр аймағынан табылған ЮНЕСКО-ның мұралар тізіміне енген петроглифтер инфографиканың бастауы деп айтуға толық негіз бар. Бұл шамамен б.э.д XIY, YI -YIII ғасырлар шеңберінде, қола дәуірі мен түркі халықтарының өмір сүрген кезеңдерін қамтиды.

**Кілт сөздер:** Қазақстандағы БАҚ, инфографика және дизайн, инфографика тарихы, БАҚ.

Дизайн, журналистика, лингвистика және т.б. сияқты салаларды зерттеп жүрген мамандар инфографика сөзіне қатысты бірқатар анықтамалар берген. Мәселен, орыстың ғалымдары С.Остриков пен В.Лаптев инфографика ақпаратты вербалды яғни ауызша-графикалық тәсілмен ұсыну деп біледі. Ал, атақты испандық инфографик-дизайнер, профессор А. Каир инфографиканы «функционалды өнер» деп таңған.

**Ғылыми жұмыстың мақсаты:**

«Қазақстандық бұқаралық ақпарат құралдарындағы инфографика: даму кезеңдері мен трендтер» тақырыбын зерттеудегі мақсатым, отандық инфографиканың бастау тарихын талдау; ақпарат ғасырындағы инфографиканың даму үдерістерін саралау; басылым беттерінде алғашқы инфографика өнерін қолға алған мамандардың жұмысына ғылыми тұрғыдан баға беру; қазақстандық БАҚ-да ертеректе пайда болған инфографиканы тарихи құжаттар арқылы дәйектеу; инфографика және ұлттық құндылықтар;

Сонымен қатар, отандық БАҚ-дағы инфографика жасау үдерістерін дамыған елдермен салыстыру; графика жасаудағы дизайндық шешімдер оқырманның ақпаратты жылдам сіңіріуіне септесетінін ашып көрсету; қоғамдағы әлеуметтік-саяси өзгерістердің медиа және графикалық дизайн саласына ықпалын қарастыру; озық технологиялық өзгерістерді инфографикаға әсерін бағалау. Бүгінде графика әзірлеу ісі барынша жетілдірілгенін баяндау. Осы тақырып отандық зерттеушілер тарапынан көп зерттелмегендіктен, менің мақсатым-отандық инфографиканың даму үдерістерін ұлттық тағылым тұрғысынан зерттеу.

**Ғылыми жұмыстың нәтижесі:**

Отандық инфографика тарихын талдау және ертеректе жарық көрген отандық басылымдарындағы инфографика жасаушы тұңғыш графикалық дизайнерлердің есімдерін ғылыми айналымға енгізу. Және қазақстандық басылымдарда инфографиканы беру тәсілі қандай ұстанымдар арқылы жүзеге асатынын анықтау. Бұдан өзге ұлттық инфографика ұғымына қатысты деректерді алға тарту. Жалпы алғанда таңдап алынған диссертациялық тақырып бойынша теориялық және эмпирикалық материалдарды зерттеуді көзделіп отыр.

Қазақстандық медиа-инфографиканы тереңірек зерттеу арқылы біз графиканың мазмұнды және көрнекі тұстарының жаңаша қалыптасуына әсер ететін факторларға талдау жасай аламыз. Сонымен қатар бұқаралық ақпарат құралдарында инфографиканы қолдану мысалдарын оқып үйренеміз, инфографиканың қазіргі жағдайын, осы саладағы қоғамдық дискурстың деңгейін және әдіс эволюциясының болашағын бағалай аламыз.

**Әдебиеттер:**

- Смирнова Е.А. Инфографика в системе журналистских жанров // Вестн. ВолГУ. Сер. 8: Литературоведение. №11. 2012. – URL: <http://cyberleninka.ru/article/n/infografika-v-sisteme-zhurnalisticheskikh-zhanrov>)  
Федорова Е. И. ИНФОГРАФИКА КАК МЕТОД ВИЗУАЛИЗАЦИИ ДАННЫХ// Минск. 2013ж.  
Маккэндлесс Д «Инфографика» Манн, Иванов и Фербер, 2013 ж.

**8-СЕКЦИЯ**

**БАСПА ІСІ**

**СЕКЦИЯ 8**

**ИЗДАТЕЛЬСКОЕ ДЕЛО**

## ҚАЗАҚСТАНДА КІТАПТАНУ ҒЫЛЫМЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУ ЖӘНЕ ДАМУ ЖОЛДАРЫ

**Ботобаева Ж.А.**

*Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ  
журналистика факультеті*

*Ғылыми жетекші: ф.ғ.к., доцент Мухатаева Қ.*

Тілі, діні, тарихы, әдет-ғұрпы бір-біріне ұқсамайтын алыс елдерді жақындастыратын, әр материктегі адамдарды бір-бірімен тілдестіретін кітаптың адамзат өмірінен алатын орны өте зор.

Адам мен адам арасындағы қарым-қатынас дүниедегі ең күрделі мәселенің бірі. Оның сырын ұғуға барша адамзаттың қашаннан-ақ мүдделі болып келгені белгілі. Бірақ адам жөнінде қанша айтылып, қанша жазылса да, оның сыры әлі де түгел ашылып болған жоқ. Адамдар арасындағы қуаныш пен қайғыны, жақсылық пен жамандықты, махаббат пен зұлымдықты, адамды сүю мен оның іс-әрекетін, қиял-арманын құрметтеу жайларын сөз ететін құралдардың бірі кітап болып табылады.

Кітапты ойлап тапқан адам болса, ал енді сол адамның білімін, сана-сезімін өсіріп, күшіне күш, ойына ой қосып, оны қоғам мен табиғаттың қожасына айналдырып отырған кітап. Кітап қасиетін бір тұжырым аясына сыйғызу қиын. Орыс кітаптанушы ғалымы М. Н. Куфаев кітаптың кристалл сияқты қыры көп, бұларды ғылым мен «кітап философиясынсыз»(кітаптану) танып білу мүмкін емес деп есептеген.

Көрнекті ғалым Шериаздан Елеукеновтің тұжырымы бойынша: «Кітаптану дегеніміз кітап және кітап ісі туралы кешенді ғылым... Кітаптану ғылымының кешенді ғылым аталу себебі оның зерттелу объектісі – кітап өндірісінің тұтас күрделі жүйеден тұратындығына байланысты». Кешенді ғылымның кітап және кітап ісін тұтастай қамтитын әмбебап сипаты бар. Кітаптану өз жүйесіндегі жапсарлас ғылымдардың ерекшеліктерін ескере отырып, кітап пен кітап ісінің дамуына ғылыми бағыт сілтеп отыруы тиіс.

Кітап туралы ғылым XVIII ғасырдың аяқ шенінде бас құрай бастады. Бұл ғылымның «Кітаптану» («Bücherkunde») деген атын тұңғыш қойған адам – Австрия жазушысы, Вена Императорлық кітапханасының меңгерушісі Михаэль Денис (1751-1800). Ол бүкіл ғылымды жеті салаға бөліп, басында «библиография» деп аталып кеткен жаңа ғылымды филологияға жатқызады.

Кітаптану ғылымының тарихы әріден басталса да, ол бірден дәл бүгінгі қалпына келе қойған жоқ. XX ғасырдың 60-70 жылдарында ғана оның кешендік сипаты, көп салалы ғылыми жүйеден тұратындығы теориялық жағынан негізделді. Таратып айтқанда, бұл жүйе баспату, жалпы полиграфия, библиопалистика, библиографиятану, кітапханатану және оқырмантану секілді бір-бірімен өзара тығыз байланысты салалардан құралады. Кітаптану міндеті міне, осы ғылым салаларының ортақ заңдылықтарын ашу, кітап өндірісі, кітап тарату және пайдалану ісін жолға қоюдың, дамытып ілгерілетудің ең тиімді жолдарын белгілеу болып табылады.

Ресейде, кейін Кеңес Одағында кітаптанудың жалпы теориясы мен методологиясын А. И. Богданов, В. Г. Анастасевич, Б. С. Боднарский, Н. М. Лисовский, А. А. Беловицкая т.б кітаптанушы ғалымдар жасап дамытты.

Ә. Бектемісовтың «Жан азығы» кітабында Қазақстанда кітап баспаларының өткен жолы мен өркендеуі, қаз тұрып қадам басуы, оқулық әдебиеттері, қазақ баспагерлері туралы әр жылдарда жазылған естеліктері бар.

А. Г. Каримуллиннің «Книги и люди» еңбегінде 1917 жылғы қазан төңкерісінен кейінгі кітап баспа ісінің қалыптасуы сипатталып, оның кейбір жеке қайраткерлеріне тоқталған. Бұл еңбектің құндылығы Мәскеуде шыққан татар кітаптарына анықтама жасалған. Бұдан татар және қазақ баспа істері осылайша тығыз байланыста болғанын байқаймыз.

А.К. Бочаговтың еңбектерінде Қазақстандағы кітап баспа ісінің алғашқы бастауындағы атқарылған жұмыстары баяндалған.

Ұлттық баспа ісінің бастауында оның қалыптасуына зор еңбек сіңірген Алаш зиялылары, атап айтқанда, Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, Ж. Аймауытов, Х. Досмұхамедов, М. Тынышбаев, С. Сейфуллин, М. Дулатов еңбектерінің маңызы зор.

Елімізде баспа ісінің және кітаптану ғылымының қалыптасу жолдары жайында жасалған қысқаша талдауымызды түйіндесек, бүгінде баспагерлік қызмет тек қана іс жүзіндегі редакциялық-баспаханалық және өндірістік-тәжірибелік жұмыс түрі емес, теориялық тұрғыдан да дами түсті. Бүгінде баспа ісі және кітаптану – арнайы зерттеу жұмыстары жүргізіліп жатқан ғылымның белгілі бір саласына айналды.

### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Елеукенов Ш. Кітаптану негіздері: Оқу құралы. – Алматы: Санат, 1997.
2. Қазақ тарихы», – 1997, №4. -42 б
3. Бектемісов Ә. Жан азығы. – Алматы: Қазақстан, 1991. – 144 б.
4. Каримуллин А.Г. Книги и люди. – Казань: Татарское книжное изд., 1985. -304 с.

## ПЕРВЫЕ ПЕРЕВОДЫ ПРОИЗВЕДЕНИЙ Н.В.ГОГОЛЯ И КАЗАХСКАЯ САТИРА

**Буравова М.А.**

*«Издательское дело»*

*КазНУ им. аль-Фараби,*

*Научный руководитель: Г.К. Муқанова,*

*кандидат исторических наук, профессор*

Николай Васильевич Гоголь – художник слова, масштаб творчества которого выходит за рамки одной страны или народа. Творчество Н.В. Гоголя (в том числе и переводы его произведений) оказало заметное влияние на развитие казахской литературы. Так, первое крупное прозаическое произведение казахской литературы – роман Спандияра Кубеева «Калым» (1913 г.) – несет на себе отчетливое «гоголевское» влияние. С. Кубеев отмечал, что до создания «Калыма» пересказал аульным жителям содержание «Мертвых душ» [2]. Влияние многих гоголевских образов нашло отражение в творчестве М. Ауэзова, С. Муқанова, Г. Мусрепова и других выдающихся казахстанских деятелей. Наибольшее влияние творчество Гоголя оказало именно на формирование казахской сатиры. Анализ казахских сатирических рассказов, повестей и романов позволяет выделить «непосредственное влияние на их создание сатирического гения Н.В. Гоголя и его богатого литературного наследия» [1].

Нам удалось выяснить, что в XX веке произведения Н.В. Гоголя переводили и издавали М.Б. Давлетбаев («Женитьба», 1928 г.), К.Б. Тайшыков («Мертвые души», 1932 г.); Ж. Аймауытов («Ревизор»). Более поздние переводы осуществили А. Елшибеков («Повесть о том, как поссорился Иван Иванович с Иваном Никифоровичем», 1937 г.), К. Сағындыков («Шинель», 1937 г.), М.О. Ауэзов («Ревизор»), Н. Баймухамедов («Тарас Бульба», 1982 г.), О.Ж. Қыйқымов («Женитьба»), Г. Орманов («Невский проспект»). Мы проанализировали выходные данные, тираж и место издания имеющихся в фондах казахстанских библиотек первых изданий переводов, а также нарративные сведения. Первые переводы произведений Гоголя выполнили Ж. Аймауытов (20-е г. XX в.), М.Б. Давлетбаев (1928 г.), К.Б. Тайшыков (1932 г.).

В процессе анализа нами установлена общность: все три перевода осуществлены в северной и северо-восточной части Казахстана: Аймауытов и Тайшыков являются выходцами Баянаульского района Павлодарской области, Давлетбаев – Акмолинской области. Мы заметили также тенденцию к восприятию и распространению переводов произведений Н.В. Гоголя с северных и северо-восточных, соседствующих с Российской империей регионов Казахстана. Наиболее поздние переводы, относящиеся ко второй половине XX века, были осуществлены и изданы в южных городах страны, что может быть связано с переносом столиц республики. Стоит также обратить внимание на характер произведений, которые перевели на казахский язык в первую очередь: пьесы «Ревизор» и «Женитьба» с острой сатирой на власть и устоявшиеся в обществе порядки, а также «Мертвые души». Выбор произведений неслучаен: после переводов на казахский язык пьесы ставили на сценах местных театров. Ранние переводы произведений Гоголя, осуществленные переводчиками, которые были репрессированы, в большинстве своем имеют исправленное описание. Выходные данные, в которых указано авторство перевода, закрашены краской. Аналогичную картину можно наблюдать в книгах 30-40-х годов XX века, хранящихся в редком фонде Национальной библиотеки Казахстана.

### Литература:

1. Алтынбекова, Р.Е. Гоголевские традиции в казахской советской сатире: автореферат / Р.Е. Алтынбекова. – Алма-Ата, 1990. – 25 с.

2. Кереева-Канафиева К.Ш. Русско-казахские литературные отношения (Вторая половина XIX – первое десятилетие XX века) – 2-е изд. – Алма-Ата: Казахстан, 1980. – 280 с.

3. Өлі жандар [Text] Гоголь Н. ; жауапты ред. Қ.Өтепұлы; ауд. Қ.Тайшықұлы. – Алма-Ата : Қазақстан көркем әдебиет баспасы, 1936. – 5 150 дана. 1-2 том. – 274 бет.



## SWOT АНАЛИЗ КОНКУРЕНТОСПОСОБНОСТИ КАК МЕТОД РЕДАКТИРОВАНИЯ

**Дарбаева Д.**

*«Издательское дело»*

*КазНУ им. аль-Фараби,*

*Научный руководитель: проф. Муканова Г.К.*

*Кафедра издательского дела и дизайна*

*КазНУ им. аль-Фараби*

Здесь мы рассматриваем макет учебного пособия для студентов университетов по направлениям полиграфия, издательское дело, дизайн, журналистика и принципы его редактирования на базе SWOT-таблицы.

К сильным сторонам проекта монографии можно отнести конкретность заданной информации. Тема является полностью раскрытой. Читателю легко запоминается текст, и усваивать материал получается без особых усилий. Все источники подлинны, сбор рекомендуемой литературы осуществлен грамотно и напрямую относительно самого текста. Все конкретизировано и в меру обобщено... Междустрочный интервал, кегль и гарнитура шрифта соответствуют стандарту. Факты и наименования отдельных слов и словосочетаний на казахском, английском языках, отражающие полноту содержания дополнительно характеризуют разносторонность и объемность Учебно-методического пособия.

Что касается слабых сторон. Как и в любом другом тексте, в данном пособии есть некоторые недостатки, оно является не до конца законченным и требует редакторской обработки, в нем прослеживаются лексические недочеты, часто встречающиеся пунктуационные, реже стилистические ошибки, а также орфографические. Прослеживается некая несогласованность между стилистическим написанием каждого из авторов. К примеру, кому-то привычнее делать отступ от инициалов имени и отчества, кому-то же, это, напротив, чуждо. Стоит уделить внимание на то, как быстро меняется тематика каждого из абзацев. Это отягощает текст. Возможно, это связано с тем, что отсутствуют иллюстрации. В целом слабые стороны компенсируются немаловажным фактором, что подача информации хорошо сочетается с представленной ею детализацией и углублением во всевозможные аспекты.

Возможности эксперимента не ограничены. Сюда можно отнести:

Познавательность представленной информации в виде одного текста;

Сформированный продукт, готовый к ведению образовательного процесса, росту знаний и умений в избранной области;

Организация занятости студентов во внеурочное время;

Угрозы (риски) – это неблагоприятный фактор, несущий за собой определенные последствия. Какие именно, предугадать невозможно, но стоит поразмышлять.

Неготовность отдельных обучающихся к SWOT-анализу;

## АҚЫН ЗАИДА ЕЛҒОНДИНОВАНЫҢ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ СЮРРЕАЛИСТІК БАҒЫТҚА РЕДАКТОРЛЫҚ КӨЗҚАРАС

**Елғондинова А.**

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті  
Ғылыми жетекші: филология ғ. д., доцент Рамазан А.Ә.*

„Не лишайте стихи тумана. Порой он уберезет от сухости, став дождем.“  
*Федерико ГАРСИА ЛОРКА*

Өзінің ғажайып әуенімен Фивының іргетасын қалап, тасын домалатқан Амфион іспетті Поэзия әлемінің жұлдыз жырларымен қамалын салған ақындар қауымы тосыннан әдебиеттің жаңа да сара, сара да дара бағытын салып келеді. Кенеуі кетік дүниенің кермек татыған ащы дәмінен түршіккен эз жанын Данте «Күдіретті комедияның» әр шумағына жасырады. Сөйтіп, «Күдіретті комедияның» мәңгі өшпес кейіпкеріне айналады. Ал, диірменмен алыса-алыса тауаны қайтқан Дон Кихот жиырма бірінші ғасырдың шынайы бейнесін бергендей-ақ. Шығыстың марғасқасы Омар Хаям екі жүз тоқсан үш рубаятына әлемнің астарлы құбылысын сыйғызғандай. Иә, ал Байрон ше?! Парламенттің сүреңсіз сайқымазағынан сарытап болған Байронның ақындық ғұмыры ше?! Романтизм мен синтентализмнің дәуірінде түлеп ұшып, отқа оранған пәруанадай өз өлеңінің отына өртенген асау ақын Байрон ше?! Ол – романтик ақын. Ол – күрескер ақын! Реализм... Бұл ақындар тылсым жұмбақтықты жақтырмайды. Қатыбас қоғамның қансыздығын қатқыл өлеңімен береді. Еш нәрсені астарламайды. Реализмге қарама-қарсы 1921 жылы Париждің шағын көшесінде жұмбақ ақынның тылсым жанынан сюрреализм деген жаңа жасын жарқ етеді. Өң мен түстің ортасында, бар мен жоқтың арасындағы құбылысты астарлап беретін сюрреализм Францияда кеңінен қанатын жайып келеді. Мұның да астарында үлкен мән жатқан тәрізді. Натуралды дүниені бәріміз де көреміз, сеземіз, естиміз, қабылдаймыз. Ал, бұл натуралды дүниені сан құбылтып, сан бояуға, сан образға түрлендіру – сюрреализмнің дәрегейінде ғана. Сюрреализм Францияда қарыштап дамыған. Испанияда да алдыңғы орынға ие. Жапонияда сюрреализм бұрыннан өзіндік қолтаңбасын қалдырған. Ал, біздің қазақ поэзиясында сюрреализм ұғымының қаншалықты дәрежеде дамығанын редактордың көзқарасымен зерттеп көрелік.

Сазыма қара барқын іңір өтіп,  
Тәңірдің тағы сездім күдіретін.  
Аққан су өткенімді алып кетті,  
Жұлдызға салып мәңгі суретін.  
*(З. Елғондинова)*

Поэзия әлемі туралы сөз қозғағанда, әлбетте, «шаң басқан» ғасырлар, тозаңынан мұң есіп тұратын дәуірлер, күңіренген көксіл уақыт бір сәтке демін басатын іспетті. Ақынның бір шумақ өлеңінің әр жолында әлемнің концептуалды бейнесі айқын көрініп тұрғандай. Өткен күн – аққан су. Бір сәтке де тыншымайтын судың қарқыны адамзат өмірінің ғажап та азапты күндерін келмеске алып кетеді. Бұл өкініш ұғымы ма? Әлде адам баласының өмір жайлы пәлсапалық толғамы ма? Өкініш десек, төртінші жолда ақын «жұлдызға салып мәңгі суретін» деп оқырман қауымын қанаттандырғандай әсерге жетелейді. Яғни, аққан су ақынның өткен күнін келмеске алып кеткенімен, қол жетпес миллион жылдар бұрын сөнген бірақ, әлі де жарығы таусылмаған жұлдызға мәңгіліктің суретін салады. Бұл – сюрреализм... Бұл нағыз сюрреализм. Өң мен түстің бір бағытта тоғысуы. Бар мен жоқтың, мәңгілік пен жалғанның бір ендіктің бойында қатарласуы. Осындайда, белгілі француз ақыны Жан-Луи Джованнонидің төмендегі өлең жолдары есіңе түседі:

Нет другой Земли, чем та, которую мы покидаем с каждым мгновением.  
Может быть, наши слова – это единственная земля, на которой можно прижиться.<sup>1</sup>

### Пайдаланылған сілтемелер тізімі:

1. <http://reading-hall.ru/publication.php?id=13253>

## «ҚОЛТАҢБА» ГАЗЕТІ: ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҮЛЕСІ МЕН ДАМУЫ

**Қойлыбай Ә.**

*Баспагерлік-редакторлық және  
дизайнерлік өнер кафедрасының  
2-курс студенті  
Ғылыми жетекшісі: аға оқытушы  
Ақмәлдір Тіленберген*

Ұлт зиялысы Бейімбет Майлин Мәскеудегі Әдебиет және өнер институтында қабырға газеттерін іздеп жүріп оқитыны ұлы жазушы Ғабит Мүсіреповтың естелік жазбаларында айтылады. Институтта оқитын Ғ.Мүсіреповтың шығармасын қабырға газетінен оқып оған жоғары баға берген. Яғни, жастардың шығармашылығын бағамдап-бағдарлауды, қалам ұстаған жас өреннің алғашқы қолтаңбасымен танысуды мақсат тұтса керек-ті Бейімбет Майлин. «Өмірдің алдында бәріміз шәкіртпіз» деген Әбіш Кекілбаев та осы ҚазҰУ-дың филология факультетінде студент болған жылдарында қабырға газетінің редакторы болған екен.

Бұл мысалдардың негізінде автор болашақ ұлтқа тұтқа, елге ұстын болатын шығармашыл жастардың талап-тілегін жүзеге асыруға, өсіп-өркендеуіне қабырға газетінің тигізер үлесінің ұшан теңіз екенін ескертеді. Яғни, замандардың желісі өзгергенмен шығармашылық дінгегі еш уақытта өзгермейді. Сондықтан, қалам ұстаған жастардың сиясының таусылмауына, қаламының ұшталуына өзіндік септігін тигізетін қабырға газетін қайта шығаруды қолға алды. Газет атауын «Қолтаңба» деп қою, бұл газеттің ертеңгі «алтын арқалап, жантақ жейтін» журналистің бүгінгі бастапқы басып қалдырар қолтаңбасы болсын деген мақсатта еді. Журналистика факультеті студенттерінің шығармашылық газеті ретінде мұнда студент жастардың жазған мақалары, сұхбаттары, журналистік зерттеу жұмыстарымен қатар, әңгіме, өлеңдері, очерк жазбалары жарияланады.

«Қолтаңба» газеті айына екі мәрте жарияланып тұрады. Алғашқы нөмірінен бастап студенттердің ерекше қызығушылығын тудырып, жазарман қауымның ерекше ықыласына бөленіп жатыр. Бұл газеттің сұранысқа ие болып, жастар арасында кең тарауына мүмкіндік туғызады. Заманауи технологиялық жүйеге сүйене отыра беттеліп, жарияланатын газеттің дамуы үшін таралым данасын көбейту керек-ақ. Автор бұл газеттің шығармашылық үлесі мен дамуы тұрғысынан талғам таразысына салып, әдеби-мәдени өркендеуге қосатын үлесін танымдық деңгейде түсіндіреді.

Өмірде әрбір адамның қолтаңбасы бар. Тек адамзаттық-азаматтық шығармашылық таңбасын тарихтың сарғайған парақтарында қалдыру маңызды.

### Пайдаланған әдебиеттер:

1. Ғабит Мүсірепов шығармаларының толық жинағы. 2-том. Алматы: «Білім баспасы». 2008 жыл. 49-б.  
Әбіш Кекілбай. Замандастан мирас мемуарлық жинақ. Алматы: Қазақстан баспасы. 2010 жыл. 73-б.

## КӨРКЕМ ӘДЕБИЕТТІҢ АУДАРМА БАСЫЛЫМДАРЫ БОЙЫНША РЕДАКТОРДЫҢ ЖҰМЫСЫН БАҒАЛАУ КРИТЕРИЙЛЕРІ

**Мергенбаева Г.**

*Әл-Фараби атындағы*

*Қазақ ұлттық университеті*

*Ғылыми жетекші: ф.ғ.к., доцент Мұхатаева Қ.,*

Редактор көркем туындыны таңдау туралы мәселені шешкен кезде, ол оқырман пікірін, олардың тілектерін және әдеби сыншылардың пікірін басшылыққа ала алады. Бұрын жарияланған шығармамен жұмыс жасай отырып, редактор сыншылардың пікірлері мен оқырмандардың көркем шығармаға деген пікірлерін талдап барып, ең танымал және маңызды туындыны таңдауды мақсат етеді. Көбінесе редактор аударма мәтінімен жұмыс жасағанда бұрын еш жерде жарияланбаған туындылармен жиі жұмыс істеуіне тура келеді. Бұл жағдайда редакторға қандай бағдарларға сүйену керек? Көркем әдебиеттің аударма басылымдары бойынша редактордың жұмысын бағалау критерийлерін толығырақ қарастырайық.

1. Редактор шығарманы таңдаған кезде көркем шығарма авторының беделіне сүйеніп, автордың бұрын жазған шығармаларына баға бере алады;

2. Редактор кәсіби рухты басшылыққа ала отырып, көркем әдебиеттің аударма басылымын бастай алады. Баспа бизнесінде редакторлар танымал емес авторлардың қолжазбаларымен жұмыс істеп, әдеби таланттарды ашқан жағдайлар да жиі кездеседі.

Редактордың аударма көркем шығармасының жұмысы мәтінді бағалаудан және талдаудан басталады. Жұмыс барысында редактор авторға шығарманы пысықтауды ұсына алады, сонымен қатар редактор шығарманың құрылымын, сюжеттік желісін және т. б. жақсарту жолдарын ұсына алады. Өйткені, көркем әдебиеттің аударма басылымдары бойынша редакторлық жұмыстың мәні – туындыны аудиторияның оң қабылдауы болып табылады.

Қолжазба редакторының бағалауы объективті болуы тиіс, олай болмаған жағдайда редактор баспаға да, авторға да зиян тигізуі мүмкін. Жарияланған әлсіз жұмыстар баспаның беделіне де, автордың беделіне нұқсан келтіретіні белгілі.

Көркем әдебиеттің аударма басылымдары бойынша редактордың жұмысын бағалау критерийлері ақпарат берудің объективтілік мәселелерін қозғауы тиіс. Редактордың оқыған авторлық шығарманы субъективті пайымдауына қарамастан, редактор мәтінді талдау және бағалау кезінде барынша объективті бағалауды сақтауы тиіс. Сонымен қатар, редактор авторлық даралықты кемсітпеуі және оның редакцияланған мәтін формасын бұзбауы тиіс.

Редактордың көркем әдебиеттің аударма басылымдары бойынша жұмысын бағалау критерийлері редактор жұмысы мен әдебиеттанудың теориялық аспектілерін қозғауы тиіс, себебі, редактор жұмысының алғашқы ережелерінің бірі тезиске байланысты: теориясыз практика жоқ.

Көркем әдебиеттің аударма басылымдары бойынша редактордың жұмысын бағалау критерийлері көркем шығарманың әлеуметтік-идеялық жағын қозғауы тиіс. Аударма мәтінінде қазіргі қоғамға тән әлеуметтік маңыздылық, проблемалардың ауқымдылығы сақталуы тиіс.

Көркем әдебиеттің аударма басылымдары бойынша редактордың жұмысын бағалау критерийлері мазмұн мен форманың бірлігін, көркем шындықты, авторлық мәнердің бірегейлігін, эмоциялық сыйымдылық пен ассоциативті байлықты, тұтастықты бағалау мен талдауды қамтиды. Мазмұн мен форманың бірлігін сақтау редакторлық жұмыстың негізгі шарты болып табылады. Маңыздылығы жағынан келесі кезектегісі болмысты айқын және дұрыс қайта құруды болжайтын көркем шындықты сақтау болып табылады. Қазіргі заман шындығына барынша жақын немесе дәуір шығармаларында сипатталған жағдайда автор және редактор көркем шындыққа қол жеткізеді.

Көркем әдебиеттің аударма басылымдары бойынша редактордың жұмысын бағалау критерийлері редактордың көркемдіктің негізгі шарттарын қаншалықты сақтап қалу мүмкіндігінен құралады:

1. Авторлық мәнердің түпнұсқалығы, яғни шығармашылық стильдің ерекшеліктері мен осы нақты автордың көркем шығармасын жазу мәнері;

2. Объективті және субъективті бастауларды синтездеу, яғни автордың сипатталатын және нақты уақытты байланыстыра білуі;

Шығарма авторының сипатталған оқиғаларға қосылуын редактор көркем әдебиеттің аударма басылымдарымен жұмыс істеген кезде сақтауы тиіс;

Автордың шығармашылық даралығын редактор көркем әдебиеттің аударма басылымдарымен жұмыс істеу кезінде сақтауы тиіс;

Көркем мәтіннің эмоционалдық сыйымдылығын сақтау, редакцияланған шығарма түпнұсқаның мәтінінен кем болмауы тиіс.

Осылайша, редактордың көркем әдебиеттің аударма басылымдарымен жұмысын бағалау критерийлері редактордың шығарма бүтіндігін сақтап, шығарманың көркемдік толықтығы мен аяқталуын авторша жеткізе білуіне негізделеді деп қорытынды жасауға болады. Редактордың көркем әдебиеттің аударма басылымдарымен жұмысын бағалау критерийлері автор салған кейіпкерлер мен жағдайлардың бағалау сипаттамаларын сақтауы тиіс. Осы шарттар сақталған жағдайда аударылған көркем шығарма даралығын, тұтастығын, көркемдігін сақтап қалады.

Редактордың көркем әдебиеттің аударма басылымдарымен жұмысының ерекшеліктері:

Редактордың аударылған көркем шығармамен жұмысы оқырман аудиториясына қазіргі қоғамның рухани құндылықтары ұғымын, сондай-ақ ойлауға, талдауға, басты және қосалқы кейіпкерлерді ұнату және жек көру және т.б. сияқты сезімге бөлейтіндей етіп мәтінді шынайы және айқын жеткізуді қамтиды.

Редакторлық талдаудың барабарлығы редактордың көркем әдебиеттің аударма басылымында жұмыстың әр кезеңінің ерекшелігін түсінумен қамтамасыз етіледі.

Кез келген тілде тіларалық сәйкестік бар. Тіларалық сәйкестіктерден кез келген ауытқулар тіларалық трансформация ретінде қабылданатын болады. Түпнұсқа тілінен мәтінді аудару кезінде жүргізілетін операциялар аударма трансформациясы деп аталады.

Көркем шығарма аудармасымен жұмыс істеу барысында аралас трансформациялар пайда болады, бұл аударма қызметінің еңбекті көп қажетсінетін жұмыс екенін білдіреді. Аударманың барлық процесі аударма трансформацияларына негізделген.

Егер редактор шығарманың мәнін, көркемдік күшін объективті бағалай алса, аударма басылымының негізгі жұмыс принциптеріне сүйенсе, көркем әдебиеттің аударма басылымдарының бүтіндігін, құрылымын, мәнін сақтауға болады.

Редактор жұмысы барысында көркем әдебиеттің аударма басылымдарының бүтіндігін, құрылымын, мәнін сақтау редактордың бірнеше негізгі кезеңдерден тұратын шығармамен жүйелі жұмысы кезінде жүзеге асырылады.

Жарамсыз қателердің туындауын болдырмау үшін редактор түпнұсқаның мәнімен дұрыс, дәл, бұрмалаусыз жұмыс істеуі қажет. Бұл ретте редактор аударма трансформациясының негізгі түрлерімен жұмыс істеу арқылы шығарманың көркемдігін күшейтетін ауытқуларға жол беруі мүмкін.

Көркем әдебиеттің аударма басылымдары бойынша редактордың жұмысын бағалау критерийлерін қысқаша талдауымыз тілдік құралдардың еркін қолданылып, аудармашының жалпы қордағы сөздерді пайдаланып аударма мәтінін дәл қалпында суреттеу шеберлігінен туындайтын бірден бір шығарма екенін дәлелдейді.

#### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Алдашева А. Аударматану (Лингвистикалық және лингвомәдени мәселелер) – Алматы, Арда. 2006.
2. Вопросы теории перевода в зарубежной лингвистике // Сб. статей. – Каз. Правда, 1997
3. Виноградов В.С. Лексические вопросы перевода художественной прозы. М., Наука, 1973.
4. Рецкер Я.И. Теория перевода и переводческая практика. –М., Наука, 1974.
5. Сарыбаев Ш. Тіл мәдениеті және жергілікті тіл ерекшеліктері // Тіл мәдениеті және баспасөз. – Алматы, Ғылым, 1972.

## ҮШКӨЛТАЙ СУБХАНБЕРДИНА – ҚАЗАҚ КІТАБЫН ЗЕРТТЕУШІ ҒАЛЫМ, БИБЛИОГРАФ

Саяқбаева Г.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ  
журналистика факультеті

Ғылыми жетекшісі: ф.ғ.д., доцент Рамазан А.

**Түйіндеме.** Тезисте Гуманитарлық ғылымдар академиясының академигі, қазақ кітабын зерттеуші ғалым, ұлттық библиографияның негізін салушы Үшкөлтай Хасенқызы Субханбердинаның ғылыми мұрасы кеңінен қарастырылып, ұсыныстар айтылды.

**Кілт сөздер:** *Үшкөлтай Субханбердина, қазақ кітабының тарихы, библиография, революция, баспасөз.*

Революциядан бұрын қазақ тілінде басылып шыққан кітаптар, қазақ баспасөзі бетінде жарияланған мақалалар мен хат-хабарлар еліміздің қазіргі тарихын, әдеби, мәдени өмірін зерттеу үшін өте маңызды. Қазақ халқының маңдайына біткен зерттеуші ғалым, библиограф Үшкөлтай Субханбердина нәубетке толы зұлмат жылдары өмірде көрген қиындықтарына карамастан осындай құнды мәліметтерді еліне сыйлай алды. Ол революцияға дейінгі қазақ баспасөзінің бетіндегі жарияланған құнды материалдарды жинап, терең зерттеп, толық аннотация беріп отырды. Сонымен қатар, 1964 жылы «Қазақтың революциядан бұрынғы мерзімді баспасөзі және көркем әдебиеті. XIX ғ. аяғы – XX ғ. басы» тақырыбында кандидаттық диссертация қорғады. Үшкөлтай Субханбердина «Қазақ. Алаш. Сарыарқа», «Бүркеншік аттар көрсеткіші», «Айқап» бетіндегі мақалалар мен хат-хабарлар», «Қазақ кітабының шежіресі», «Дала уәлаятының газеті», «Түркістан уәлаятының газеті», «Қазақ кітаптары», «Қазақ халқының атамұралары» сынды көптеген құнды еңбектерді құрастырды.

«Айқап» бетіндегі мақалалар мен хат-хабарлар» атты мазмұндалған библиографиялық көрсеткіш Қазақ мемлекеттік баспасынан басылып шықты. Алайда бұл кітапты басып шығару оңайға соқпады. Ондағы Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, Ш.Құдайбердиев, М.Жұмабаев сынды тұлғалардың материалдары алынып тасталды. Ү.Субханбердина бұл кезеңнің Алаш Ордаға қатысы жоқ екенін қанша түсіндіруге тырысса да, ешкім құлақ аспады. Әйтеуір кітап шығу үшін келіспеске амалы болмады. Әйтсе де, батылдық танытып, кейбір материалдарды авторын көрсетпей, бүркеншік атымен, инициалымен жіберді. Бұл үшін М.Дулатовтың қызы Г.Дулатова «Әкемнің атын жазбасаң да бір-екі мақаласын инициалымен кітабыңа кіргізген, айналайын Үшкөлтай-ай!», – деп ризашылығын білдірген.

Ал, «Қазақ. Алаш. Сарыарқа» атты мазмұндалған библиографиялық көрсеткіші тек тәуелсіздік алған жылдардан кейін ғана басылып шығады. 40 жылдай қапаста жатқан бұл материалдарды бастырып шығару бәрінен де қиын болған еді.

Қатерлі заманда өлшеусіз тер төгіліп жиналған материалдардың келесісі «Қазақ халқының атамұралары» атты мазмұндалған библиографиялық көрсеткіш. Көрсеткіште көлемді мақалалармен қатар, кейбір ұсақ мақалалар мен хабарлар да қамтылған. Бұл кітап та бірден шыға қоймады. 1999 жылдың соңғы күндерінде Орталық ғылыми кітапхананың директоры К.Әбуғалиеваның ықпалымен Қ.И. Сәтпаев жылында жарық көреді, ол кісі тіпті, тұсаукесерін де ұйымдастырып берген.

Қазіргі таңда Ү.Субханбердинаның артына қалдырған асыл мұраларын Қазақстандық жас зерттеушілер, журналистер, ғалымдар, оқытушылар өздерінің еңбектеріне зерттеу нысаны ретінде пайдаланып жүр. Сонымен қатар, Ресейлік ғалым Федор Дмитриевич Ашнин, Жапониялық жас ғалым Томохико Уяма да Ү.Субханбердинаның кітаптарын жинап, еңбектерінде көрсеткен екен. Осыған қарап-ақ, Ү.Субханбердинаның еңбектері, тек қазақ халқына емес, бүкіл әлем жұртына таптырмас құрал екенін байқауға болады. Мұндай еңбектер қанша ғасыр өтсе де өзінің маңыздылығын жоғалтпақ емес. Үшкөлтай Хасенқызы Субханбердина көзі тірі болғанда, әлі де талай дүниені келер ұрпаққа мұра етіп қалдырар еді.

2005 жылы Үшкөлтай Субханбердина «Ендігі арманым – кезінде Санкт-Петербур қаласындағы М.Е.Салтыков-Щедрин атындағы Мемлекеттік кітапханада сақтаулы тұрған қазақ газет-журналдарының микрокөшірмесін түсіріп әкелген едім. Соларды факсимеле түрінде кітап жариялау», – деп ішкі арманын жазған екен. Ендеше, қазақ кітабын зерттеуші ғалым, библиограф – Үшкөлтай Хасенқызы Субханбердинаның жете алмай кеткен кішкентай ғана арманын ары қарай орындап, ұлт әдебиеті тарихындағы қызметін мәңгі есте сақтау, біздердің, өскелең ұрпақтың парызы екені сөзсіз.

### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Ғалым – библиограф. – Алматы: Ғылым, 1997. 50 б.
2. Атабаев Қ. Мерзімді басылым – XX ғасырдың аяғы XX ғасырдың басындағы Қазақстан тарихының деректерінде: Монография. – Алматы: Қазақ университеті, 1998 ж.
3. Әбенова Л.Д. Оқырмандарға. Ұрпақ үнін үкілеген (Көрнекті ғалым-библиограф, ұлттық библиографияның негізін қалаушысының бірі – Үшкөлтай Субханбердинаның өмір жолы мен қызметі). – Алматы, 2007 ж.
4. Субханбердина Ү. Кітап жолы – Арман жолы. – Алматы, 2001 ж. – 405 б.

## РОЛЬ АРАБСКИХ ЗАВОЕВАНИЙ В ПРОЦЕССЕ ВЫМИРАНИЯ ТЮРКСКОЙ ПИСЬМЕННОСТИ

**Солтанаев С.М.,**

Факультет журналистики  
Магистрант, 2 курс, «Издательское дело»  
КазНУ им. аль-Фараби,  
Научный руководитель: Г.К. Муканова,  
Кандидат исторических наук, профессор

В наши дни, в казахстанском обществе, нередки споры по теме так называемой «арабизации» казахского языка – заменой исконно казахских слов арабскими словами, в основном касающиеся религиозной терминологии. С точки зрения защиты казахского языка как основного элемента идентификации нации это не есть правильно. Ислам, имея в своей основе проповедования арабскую письменность, имеет широкое влияние на другие языки чуждых арабам стран, в которых он проповедуется. Если учесть факт продолжающихся замен казахских слов словами из арабского языка, которое по различным причинам имеет широкое распространение в массах то, в ближайшем будущем, это примет очень широкий оборот не только в терминах религии, но и повседневной жизни казахстанцев, что повлечет за собой логичное уменьшение лексикона казахского языка. Это явление, в первую очередь, связано с переходом экономики Казахстана на рыночную и демократичностью вероисповедания общества в стране, утвержденной на законодательном уровне. И далее, – отсутствием в Казахстане академических фундаментальных знаниях по теологии на заре независимости (связанное с несоответствием теоретических основ советской науки по теологии с современными реалиями); несвоевременное реагирование государственных органов на своевольные действия на территории Казахстана различных организации религиозного характера. Организации которые имеют различные течения, имеющие сомнительные основы в своей деятельности. В связи с не своевременными принятиями соответствующих законодательных актов, упущенными недоработками в законодательстве, государство ныне «пожинает» плоды в виде силовой и информационной борьбы с нетрадиционными видами религиозных течений выражающихся в виде экстремизма и терроризма локального характера.

Общеизвестно, что казахский язык имеет в виде своего корня древнетюркский язык. В средних веках древнетюркская письменность подверглась намеренному уничтожению арабами-завоевателями. О чем повествует в своей книге родившийся в Иране этнический казах, известный ученый, исследователь востоковед Ислам Жеменей. (*Ислам Жеменей. Парсы және түркі жазба деректеріндегі қазақ тарихы. «Сардар» 2019 ж.*). Ссылаясь на книгу Ислама Жеменей, в котором описываются события касающиеся правителя Ирака, арабского эмира Хужаж ибн Жусип Сагафи (661-714 г.г.) можно сделать определенные выводы об уничтожении тюркской письменности. Правитель Ирака получил письмо от пятого халифа Дамаска Абдималика Маруана (646-705 г.г.), в котором последний писал о необходимости улучшения письма куфи. Эмир Ирака собрал ученых арабов и они усовершенствовали письмо куфи и утвердили в нем 28 знаков. В процессе выполнения задачи по улучшению письма куфи Хужаж ибн Жусип Сагафи допустил перегибы, которые фатальным образом обернулось гибелью для тюркской письменности. Эмир Хужаж ибн Жусип Сагафи на завоеванных арабами территориях уничтожил тюрко-персидскую письменность и заменил их арабской письменностью. Своим военачальникам он приказал на завоеванных землях уничтожать людей других религии и специалистов которые не пользовались арабской графикой. Из-за этого персы и тюрки лишились своих древних письменных источников. В последствии, при захвате Хорезма одним из полководцев арабского эмира – Хутейб ибн Муслимом, были убиты историки, ученые, люди-знатоки «шежіре» и специалисты владеющие тюркской письменностью. Также были убиты знатные люди, просветители несущие тюркские знания, все главы духовенства (тенгрианства) и простые священнослужители. Все древние книги содержащие богатое историческое наследие тюркского народа были изъяты и сожжены. Это стало арабским варварским отношением к тюркской письменности и уничтожением письменной культуры. Грамотное население тюрков было истреблено и осталось лишь население не умеющее читать книги и не владеющие тюркским письмом. Об этом также свидетельствует Абурейхан Мухаммед ибн Ахмет Бируни в своем труде «Памятники минувших поколений».

### Литература:

1. Жеменей И. Парсы және түркі жазба деректеріндегі қазақ тарихы. Ислам Жеменей. – Алматы. Сардар, 2019. – 224 бет
2. [http://www.vostlit.info/Texts/rus17/Biruni\\_2/framepred.htm](http://www.vostlit.info/Texts/rus17/Biruni_2/framepred.htm)

## ҰЛТТЫҚ ӘДЕБИЕТІМІЗДІ НАСИХАТТАУДА ӘДЕБИ АГЕНТ ПЕН ӘДЕБИ АГЕНТТІКТІҢ РӨЛІ

Серғалиева Н.

*Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ*

*журналистика факультеті*

*Ғылыми жетекші: ф.ғ.к., доцент Мухатаева Қ.*

Біздің қазіргі қоғамда қозғап жүрген негізгі мәселеміз – ұлттық құндылықтарымызды барынша дәріптеу, әлемге паш ету, ұлттық жауһарларымызды бүгінгі ұрпақтың жадына сіңіру, мәдени мұрамызды насихаттау. Әдебиетімізді қалыптастыратын қазақ әдебиетінің ұлы тұлғаларының туындылары қазақ баласына ғана емес, барша адамзатқа ой салатындай құнды дүние. Мінекей, осындай асыл қазынамызды әлемдік нарыққа шығаруда Әдеби агент пен әдеби агенттіктің алар орны ерекше. Әдеби агент сөзі әлемнің дамыған елдері үшін таңсық емес. Ол – баспа мен автор арасындағы дәнекер.

Әдебиетті жарнамалаудың қазіргі ең дамыған және кең тараған түрі – "Агенттіктер" екені даусыз. Рухани байлықты жарнамалауды табыс көзіне айналдыра отырып, адам жанын ізгілендіруге орасан зор үлес қоса алатын әдеби агенттердің шығу тарихының өзі әріден бастау алып жатыр. Кітапты коммерцияландыруды қолға алған дүниежүзіндегі тұңғыш ағылшын әдеби агенті 1875 жылы қызметін бастаған екен. Бүгінгі таңда тек Ұлыбритания астанасы – Лондон қаласында нарықтағы 111 танымал кәсіби әдеби агент пен әдеби агенттіктер табысты еңбек етуде. Америкада әдеби агент алғаш рет 1893 жылы қызметін бастады. Содан бері қарай жалпы 1000 – нан астам әдеби агент пен әдеби агенттіктер тіркелген, соның тек 134-і Нью-Йоркте орналасқан. Канадада 30 әдеби агенттік жұмыс істесе, 1967 жылы алғашқысы ашылған Австралияның өзінде қазіргі таңда 20 әдеби агенттік жұмыс істеуде. Бес ғасырдан астам тарихы бар Майндағы Франкфурт кітап жәрмеңкесі өтетін Германияда жыл сайын 700 миллионнан астам шығарма оқырманға жол тартып, 2000-нан жоғары баспа үйлері үздіксіз қызмет атқарады екен. Тағы бір дерек, Қытай бұл жағынан әлемнің алпауыт компанияларының өнімдерін дайындап, табыс тауып отырған ең қуатты мемлекет болып саналғанымен, әдеби агент пен әдеби агенттіктер күні кеше, яғни 1987 жылы ғана іске қосылған. Ресейде алғашқы әдеби агент 1990 жылы жазушылардың авторлық құқығын қорғау мақсатымен ашылғаны мәлім.

Әдеби агент – қолжазбаны қарап, оның болашағы зор екенін байқаса, бірден іске кіріседі. Олар танымал жазушылармен жұмыс жасауға талпынады. Себебі жазушы қаламақысының 10-15%-ы әдеби агенттің қалтасына кетеді. Көп жағдайда баспамен байланыс орнатқаны үшін 15%, ал аудару үшін 20% алады. Батыста әдеби агент – кітап бизнесінің ажырамас бөлшегі. Шет мемлекеттерде жазушылардың баспаға өз қолжазбаларын әдеби агенттің көмегімен ұсынуы дұрыс емес деп саналады. Автордың міндеті – жазу. Ал кітапты тарату, өткізу, оқырмандармен кездесу ұйымдастыру тікелей әдеби агенттің мойнында.

Жақсылықтан үмітті пенде ретінде, жазушы қолынан қаламын түсірмей, оқырманға шығармаларын ұсынуды мақсат етіп, жүрегіндегі зіл-батпан салмақты туындыларына салады. Осы әрекетін тоқтатпай, қанша еңбектенсе де, бүгінгі қаламгер – шоу-бизнесітегі танымалдылыққа ие болған жас әншінің жібін есе алмай қалғаны аянышты әрі күлкілі. Солай десек те, аты белгілі, заты мәлім, керемет талқыға түскен шығармалардың иелері өздерінше әрекет жасап, өз қаржысына кітабын бастырып немесе мемлекеттен бөлінетін қаржыны қолында ұстап отырғандарға жалтақтап, қайтсем, жарыққа шығарам деп, тырмысып-ақ жүр. Кітабының насихаты аз, оқырманмен ой бөлісуі мүлдем үрдістен шыққан жазушының сатқан кітабы пайдаға кенелткенін табуыңыз қиын-ақ.

XXI ғасырда ақпарат таратудың ең бір инновациялық кезеңінде отырып, еліміздегі қаламгерлердің арасында, жалпы алғанда әдеби агенттердің қызметінің маңыздылығына көздері жетсе де, сол қызметке деген сұраныстың өзін тек шет елде шығармасының шыққанымен ғана місе тұтып жүрген акын-жазушыларымыз тағы бар. Өкінішке қарай, қазақ қаламгерлері арасында әлі де әдеби агент пен әдеби агенттіктердің не екенін, оның қандай қызмет атқаратынын толық түсіне алмай жүргендер де бар. Шығармаларды жарнамалау жағы, қаламгердің қаламақы мөлшері көңіл көншітпейді, авторлық құқықты сақтауды назарда ұстайтын мамандардың жоқтығы, кітап жәрмеңкелеріне, түрлі халықаралық әдеби байқауларға конкурстарға авторлардың аз қатысуы, тіпті мүлдем қатыспауы – әдеби ортадағы түйткілді мәселелерді шешетін, тиісті менеджерлер мен әдеби агенттердің болмауынан. Халықтың әлеуметтік осал тобы үшін сапалы әдеби өнімдердің қолжетімді болуы, әдеби агенттіктің әлеуметтік жобаларды іске асырудағы маңызды да әрі басты бағыттарының бірі болып табылады.

Қорыта айтқанда, әдеби агенттіктер-бұл баспагер мен автор арасындағы делдалдар. Әдеби агент жазушы жазған кітаптың таралымын көбейту мақсатында қызмет атқарады. Яғни, жазушы кітабын шығарса, әдеби агент пен агенттіктер халық арасында жарнамалау мақсатында жұмыс атқарады. Бұл процесс шет елдерде дамып, бәсекелестіктің арқасында бір елде 10 немесе 20 әдеби агенттер жұмыс



жасайды. Дегенмен, шет елдермен салыстырғанда біздің еліміздегі әдеби агенттің жәй-күйі ақсап тұр. Оған себеп, еліміздегі жазушылардың қаламақы мөлшерінің көңіл көншітпейтіндігі. Сол себепті, еліміздегі әдеби агенттердің жұмысын арттыру үшін, жазушылардың қаламақы мөлшерін көбейту қажет деп есептеймін. Егерде шет елдердегідей біздің еліміздегі жазушылардың қаламақысын арттырсақ, елімізде әдеби агенттердің көбеюіне негіз болатыны анық. Жазушының алар қаламақы мөлшері көп болса, әдеби агентке берер қаражаты көптеу болмақ. Әдеби агентке мемлекет тарапынан қаражат төленбейді. Жазушы мен әдеби агент арасында жасалған келісім-шарт арқылы қаражатты әдеби агентке кітап иесі төлейді. Сондықтан да, жазушы кітабын халық арасындағы таралымын көбейткісі келсе, әдеби агент арқылы жұмыс жасағаны ләзім болмақ.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Рысляева А.С. Литературные агентства как субъекты книжного рынка // Вестник МГУП, 2013. – № 8. – С.64
2. Мандель Б.Р. Книжное дело и история книги. – М.: Direct Media, 2014. – С.339

## БАЛАЛАР БАСЫЛЫМЫНДАҒЫ РЕДАКТОРЛЫҚ ҚЫЗМЕТ

**Шұлғаубаева Б.**

*Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ*

*журналистика факультеті*

*Ғылыми жетекші: ф.ғ.к. Қуантайұлы Н.*

Балаларға арналған журналдар әдебиетпен, ғылыммен, журналистикамен, жалпы қоғамдағы өзекті мәселелермен, тіпті баспа саласы мен оның техникалық мүмкіндігімен тығыз байланысты БАҚ-тың түрі. Балалар басылымы суретшілердің, жазушылардың, редакторлардың бірлескен шығармашылық жұмысының нәтижесі болуы керек. Құндылықтардың өзгеруіне байланысты балалар басылымы да жаңаша сипатта дамып келеді. Сондықтан балалар басылымындағы негізгі күш редакторға түсетіндіктен, оның алдында балалар басылымдарына қатысты жалпы және айырықша ерекшеліктерін талдау міндеті тұр.

Өртүрлі жастағы авторлардың мәтіндерін талдау барысында, кішкентай, орта және ересек балалардың мәтіндері тақырыптық, грамматикалық және стилистикалық сипаттамаларымен ерекшеленетіні белгілі болды. Осы сипаттамалардың негізінде балалар мәтіндерін өндеудің мынандай принциптері анықталды: редактор өрескел қателерді түзеу керек, бірақ балалардың жас ерекшелігіне тән мәтіндерді сақтауға, үлкендердің балалар мәтініне ықпал етуін болдырмауға, автор-балаға көмектесе отырып, қызық тақырып таңдауға, сөздік қорын молайтуға, тілін және көркемдік дағдыларын жетілдіруге ықпал ету керек. Балалар журналында жұмыс істеу ғылыми редактордың да қолынан келмейтін іс болуы мүмкін. Өйткені, бұл мәселеде басылымды редакциялаудың ерекшеліктері мен айырмашылықтарын анықтай алу негізгі рөл ойнайды.

Редактор мәтінді түзеуден бөлек, басылымды безендіру жұмысына да қатысады. Әдеби, техникалық, көркемдеуші редакторлардың пікірімен санасады. Бұл басылымның тартымды, оқылмды болып шығуына, қателіктерге жол бермеуге көмектеседі.

Балаларға арналған иллюстрациялық басылымдар бүгінде жас оқырманға қолжетімді. Сондықтан балалар медианарығында сұранысқа ие болу, бәскеге қабілетті бола білу одан да маңызды. Ол үшін редактор жас оқырманға иллюстрациялы басылымның, газет-журналдардағы суреттердің және мәтіндердің берілу аспектілерін меңгеруі қажет.

### Әдебиеттер

1. Корнилова, В. В. Детские иллюстрированные журналы в художественной жизни Петербурга 19 – первой половины 20 века: типология и эволюция: автореф. дис. ... канд. искусствовед.: 17.00.04 / В. В. Корнилова; С.-Петербург. гос. худ. пром. акад. – СПб., 2002. – 30 б.
2. Віщук О.Ю. Робота редактора з авторами-дітьми/ Автореферат. – 2014 – 146.
3. Алексеев, С. Мир детской книги // Литературная газета. – 1982. – № 9 – 3б.
4. Соловьева, И. Периодические издания: что читают наши дети / И. Соловьева [Электронды ресурс]. – Режим доступа: <http://besthost.ru>. – Кіру күні 20.03.2012.

**МАЗМҰНЫ / СОДЕРЖАНИЕ / CONTENT**

**1-СЕКЦИЯ / СЕКЦИЯ 1 / SECTION 1  
БАСПАСӨЗ ЖӘНЕ ЭЛЕКТРОНДЫ БАҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

Әшірбаев Б.Т. Ақпараттың еркін ағымы және әлеуметтік жауапкершілік .....	4
Амангелді А. Дата журналистикадағы статистика мен ақпараттың берілу әдісі .....	5
Әмірбек Б. Қазақстан телевизиясындағы спорт тақырыбының өзіндік ерекшеліктері .....	6
Башанова Қ. Фарица Оңғарсынова – публицист .....	7
Ергеш А. Қазақ Торы .....	8
Жолшиева Д. Шерханның шеберлігі немесе публицистикасының сан қыры .....	10
Жұматай А. Халықаралық медиа нарықтағы ақпараттық билік («Әл-Жазира» телеарнасының үлгісімен) .....	11
Кәріпжан А. Копирайтинг талаптары .....	12
Кенес А. «Жас Қазақ» газетіндегі инфографика .....	14
Тоқан М. Data-журналистикадағы ашық деректер: концепциясы, қызметі және мүмкіндіктері .....	15
Русланқызы Д. Дисней фильмдерінің қазақ тіліне аударылуы .....	16
Сыланова А. Журналистикадағы роботтану: себебі мен салдары .....	18
Халиуллина Ж. Қазақтың майталман публицистерінің даралық қолтаңбасы .....	19

**2-СЕКЦИЯ / СЕКЦИЯ 2 / SECTION 2  
THE PROBLEMS OF THE PRINT AND ELECTRONIC MEDIA**

Abdul Azim N. Social media engagement in the digital Era .....	21
Ashimova A.B. Data technology and actuality of convergence journalism .....	23
Abdykhadyrova A.M. Media coverage of the influence of IFOs on public policy liberalization in Kazakhstan and Russia .....	25
Oraskhanova U.M. Will there still be a mass-produced and mass-oriented media from which to save us? .....	26
Sugiraliyeva S.D. MIL CLICK – Security in cyberspace .....	27
Yasa Mohammad S. Data mining in business journalism: process, methods and tools .....	28

**3-СЕКЦИЯ / СЕКЦИЯ 3 / SECTION 3**  
**СОВРЕМЕННЫЕ ПРОБЛЕМЫ ПЕЧАТИ И ЭЛЕКТРОННЫХ СМИ**

Аренова А. Мобилизованные медиа для борьбы с COVID-19 .....	31
Арсененко И. Иллюстрация в периодических изданиях: функции, виды и особенности влияния на читателя .....	33
Букибаева А. Факторы публицистического материала .....	35
Даниловская А. Специфика дизайна и верстки Интернет-СМИ на примере онлайн-изданий The Steppe, Vlast и Manshuq .....	36
Кабдурахит Т. Освещение новостей на казахстанских телеканалах .....	38
Карымсакова К. Анализ шоу «Мужское/Женское» .....	39
Кожабек К. Как тролли манипулируют медиа .....	41
Кожаметова К. Проблема иллюстраций интернет изданий .....	42
Ли А. Интерлингвистика в жизни Герольда Бельгера .....	43
Матрунина М. Печатные или Интернет-издания: чья аудитория имеет больший интерактив .....	44
Мурат Ш. История об Алаш-орде в печатных СМИ: эволюция развития .....	47
Мухаметкали А. Новый тренд медиаразвития: журналистика .....	49
Нургалиева Ш. Редакторская деятельность журналиста .....	50
Нурханова Ж. Публицистика Герольда Бельгера .....	51
Сарсенова Д. Стилистика и ее задачи .....	52
Селиверстова С. Блоггерство: современный аспект .....	53
Сотникова М. Основные темы в публицистике Г. Бельгера .....	54
Толкачёва С. Анализ перехода современных начинающих журналистов в социальные сети и развитие их публицистики .....	55
Тураева Н. Анализ прямого эфира на телевидении: плюсы и минусы .....	56
Усенова А. Тенденции модернизации печатных СМИ в онлайн формате .....	57
Чевган В. Анализ публикаций новостных порталов Казахстана на предмет актуальности .....	59

**4-СЕКЦИЯ / СЕКЦИЯ 4 / SECTION 4  
ЮНЕСКО, ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖУРНАЛИСТИКА  
ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ МЕДИА МӘСЕЛЕЛЕРІ**

Аязбекова Р. Көші-қон жағдайындағы медианың рөлі .....	61
Ибрайымов А.Е. Фактчекинг – журналистикадағы жаңа тренд .....	62
Өтемісқызы А. PR-дың тиімділігін онтайландыру және Қазақстандағы жарнама нарығының даму ерекшеліктері .....	64
Сайрамбай А. Мобилография – өнердегі жаңа бағыт.....	65
Төлепбай Б.Б. Рухани жаңғыру» идеясы әлемдік ақпараттық кеңістікте .....	66
Тұрғанбаева Г. Киноиндустрия саласындағы PR технологиялар.....	67

**5-СЕКЦИЯ / СЕКЦИЯ 5 / SECTION 5  
СОВРЕМЕННЫЕ ПРОБЛЕМЫ ЮНЕСКО, МЕЖДУНАРОДНОЙ  
ЖУРНАЛИСТИКИ И МЕДИА В ОБЩЕСТВЕ**

Ансаганова А.Г. Бренд и потребитель: психология отношений .....	69
Даркулова А. Персона как бренд.....	70
Ибрагимов И. Интерпелляция целевой аудитории через интеграцию культурного бекграунда в PR-коммуникациях .....	71
Ишекенова Б. Цифровой суверенитет в ЕАЭС на примере опыта Евросоюза. Проблемы и возможности .....	72
Канатова А. Методы управления репутаций как ресурсом коммуникаций.....	74
Ли О. Релевантность как принцип соответствия ожиданиям.....	75
Нургалиев Ж. Интегративные функции внутренних коммуникаций.....	76
Нураш А.А. Медиаграмотность как важный компонент детского образования.....	77
Кайырбаев А. SMM – инструмент для продвижение .....	78

**6-СЕКЦИЯ / СЕКЦИЯ 6 / SECTION 6  
THE PROBLEMS OF THE UNESCO, INTERNATIONAL JOURNALISM  
AND MEDIA IN SOCIETY**

Abdashova P.O. Broadcast and promotion of morning programs on the example of Kazakhstan and foreign television channels .....	80
Arapova M. Is breathtaking youth press still alive in Kazakhstan? .....	81
Elubayeva A. National branding: the base to develop and area of its coverage .....	82
Khalyk D. ESport in Journalism: commentator of esport as a modern profession.....	83

Lashbayeva M. Social media is the platform to promote Local and foreign TV channels.....	84
Mussa N. The role of Social media marketing in promoting brand in the case of Instagram brand accounts .....	87
Teubayeva N.D. Media as a promotion tool for e-government and e-services .....	88
Zhumakan D.A. “Rumors – the engine of progress” .....	90

**7-СЕКЦИЯ / СЕКЦИЯ 7 / SECTION 7**

**ДИЗАЙН**

Ақтлеуова А.Қ. Балалар кітабының дизайны және оның ерекшеліктері.....	92
Ақылбекова Ж. Графикалық өнер тарихы және оның даму сатылары.....	93
Арын Е.Ж. Зерттеу жұмысы тақырыбына байланысты тезис: веб-дизайндағы эстетиканың рөлі.....	94
Ауанова А.А. Организация сайта бюро графического и рекламного дизайна .....	95
Әбітәлі М. Ертегі кітаптарының дизайны .....	96
Батырханов А. Жарнама идеясы және оның визуализациясы: мәні мен түсінігі.....	97
Кульджашбаева Ж.К. Отандық теледизайн: қалыптасуы және даму ерекшеліктері.....	98
Қырғызбай Ұ.Қ. Сәндік-қолданбалы өнердегі семиотиканың ұлттық ерекшеліктері .....	99
Қалиева Ф.Ш. Шығыс елдері ою-өрнектерінің ерекшеліктері .....	100
Қалиева А.Ш. Орау-тыстау-қаптау заттарының заманауи графикалық дизайны.....	102
Молдашева Ұ.Ж. Кітап мұқабасын безендіру мен құрылымын үйлестірудің ұлттық ерекшеліктері.....	104
Нұржан Қ. XX ғасырдың басында фотосурет мектептерінің тәжірибесіндегі бағыттар мен үрдістер.....	105
Нурхайдарова А.Е. Упаковка как конкурентное преимущество .....	106
Райбаева Р. Қазақстандағы оқулық дизайны: тарихы және қазіргі оқу құралдарын заманауи безендіру әдістемесі.....	107
Тургимбаев А. Қазақстандық БАҚ-дағы инфографика: даму кезеңдері мен трендтері.....	108

**8-СЕКЦИЯ / СЕКЦИЯ 8 / SECTION 8  
БАСПА ІСІ / ИЗДАТЕЛЬСКОЕ ДЕЛО**

Ботобаева Ж.А. Қазақстанда кітаптану ғылымының қалыптасуы және даму жолдары .....	110
Бурава М.А. Первые переводы произведений Н.В. Гоголя и казахская сатира.....	111

Дарбаева Д. SWOT анализ конкурентоспособности как метод редактирования .....	112
Елғондинова А. Ақын Заида Елғондинованың поэзиясындағы сюрреалистік бағытқа редакторлық көзқарас .....	113
Қойлыбай Ә. «Қолтаңба» газеті: шығармашылық үлесі мен дамуы.....	114
Мергенбаева Г. Көркем әдебиеттің аударма басылымдары бойынша редактордың жұмысын бағалау критерийлері .....	115
Саяқбаева Г. Үшкөлтай Субханбердина – қазақ кітабын зерттеуші ғалым, библиограф.....	117
Солтанаев С.М. Роль арабских завоеваний в процессе вымирания тюркской письменности .....	118
Серғалиева Н. Ұлттық әдебиетімізді насихаттауда әдеби агент пен әдеби агенттіктің рөлі .....	119
Шұлғаубаева Б. Балалар басылымындағы редакторлық қызмет .....	121

**ИБ № 13549**

Басуға 09.04.2020 жылы қол қойылды. Формат 70x100 <sup>1</sup>/<sub>16</sub>.  
Көлемі 7,8 б. т. Тапсырыс №3364. Таралымы 10 дана.  
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің  
«Қазақ университеті» баспа үйі.  
Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71.  
«Қазақ университеті» баспа үйі баспаханасында басылды.



